



**Вариативтік компонент**  
**«Ойнайық та,ойлайық»**  
**«Ақкөгершін» ересек топ**

## «Ойнайық та,ойлайық»

<b>№</b>	<b>Тақырыптары</b>	<b>Сағат саны</b>
1	«Ақ сүйек»	1
2	«Соқыр теке»	1
3	«Арқан тартыс»	1
4	«Сақина»	1
5	«Орамал тастамақ»	1
6	«Айгөлек»	1
7	«Қол күрес»	1
8	«Түйілген орамал»	1
9	«Салт аттылар»	1
10	«Әткеншек»	1
11	«Ақ серек,көк серек»	1
12	«Теңге ілу»	1
13	«Ұшты ұшты»	1
14	«Ханталапай»	1
15	«Мысық пен тышқан»	1
16	«Хан»	1
17	«Ойлайықта,ойнайық»	1
18	«Кім жылдам»	1
19	«Кедергілерден аттап өту»	1
20	«Жасырынбак»	1
21	«Паровоз»	1
22	«Ақ қоян»	1
23	«Қаздар»	1
24	«Төбеде доп қуу»	1

<b>25</b>	«Қасқыр қақпан»	<b>1</b>
<b>26</b>	«Бакшада»	<b>1</b>
<b>27</b>	«Құрсау мен эстафета»	<b>1</b>
<b>28</b>	«Аяғымызбен жер тебеміз»	<b>1</b>
<b>29</b>	«Күн мен түн»	<b>1</b>
<b>30</b>	«Тақия тастамақ»	<b>1</b>
<b>31</b>	«Жаяу тартыс»	<b>1</b>
<b>32</b>	«Сиқырлы таяқ»	<b>1</b>
<b>33</b>	«Көгі көк»	<b>1</b>
<b>34</b>	«Жаңылма»	<b>1</b>
<b>35</b>	«Біз де»	<b>1</b>
<b>36</b>	«Аю бізде қонақта»	<b>1</b>
<b>Барлығы</b>		<b>36</b>

**Мерзімі:** 07.09.2021

**Тақырыбы:** «Ақ сүйек»

**Мақсаты:** Балаларды ойынның ережесімен таныстырып, дұрыс ойнауға үйрету. Мақсатына жетуге, ептілік, жылдамдық және зеректікті арттыру.

Адамгершілікке тәрбиелеу

**Ұйымдастырушылық кезең:** Балалар бүгін біз сіздермен ұлттық ойын ережесімен танысымыз және ойнаймыз.

**Ойын барысы:** Балалар екі топқа бөлініп, көздерін жауып тұрады. Тәрбиеші немесе ойынды жүргізуші бала ақсүйекті лақтырып: «Ал, табыңдар!» - дейді. Балалар көздерін ашып, жан – жаққа іздеуге аттанады. Қай топтың баласы тауып алып келсе, сол топқа бір ұпай беріледі. Ұпайды неғұрлым көп жинаған топ жеңімпаз атанады.

Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.

Мысалы: бесбұрыш-өте жақсы

Төртбұрыш- жақсы

Үшбұрыш- орташа

**Қорытынды:** Балалар ойын ережесін дұрыс сақтап біледі. Ойын ережесін түсініп, мақсаттарына жетті.

**Мерзімі:** 14.09.2021

**Тақырыбы:** «Соқыр теке»

**Мақсаты:** Балаларды Соқыртеке ойынымен таныстыру. Балаларға арасында ұлттық ойындарды насихаттау, қызығушылығын арттыру, өз елін сүйюге тәрбиелеу. Жылдамдықты, икемділікті, төзімділікті, күшті дамыту.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

Балалар бүгін біз сіздермен ұлттық ойын ережесімен танысымыз және ойынаймыз. Ойнайтын балалар қатар – қатар тұрады.

Бұзау, бота, құлыншак

Тоқты, серке, торпақ

Тана, тай, тайлақ

Құнан, дөненбесті бар,

Малдыңжасынайырабіл

Естіп ал!

Бұқа, айғыр, қошқар, теке бар

Сүзегенсің ,тентектеке, жекеқал

Көзін байла, теке – теке «Бақ - бақ»

Соқыр теке қайдан бізді таппақ.

Ойын басқарушы қатар тұрғандардың әрқайсысын жоғары көрсетілгендей мал атымен атап шығады. Ең соңғы аталған бала «Тентек теке» болады. Ойын кең үйде де, далада да ойналады. Оны жаңажылда, жиындарда маска киіп те ойнауға болады. «Соқыртеке» ойыны далада ойналғанда дөңгелек сызықтан шықпау керек. Ойын басқарушы ортаға көзі таңылған «Тентектекені» шығарады. Содан кейін балалар:

Соқыр теке бақ бақ, біз айтамыз тақпақ, мықты болсаң тауып көр,

Бізді қайдан таппақ, - деген өлеңдерді бәрі қосыла айтады. Өлең айтылып болысымен, шеңбердің ортасында қалған «Соқыртеке» балаларды ұстауға ұмтылады. Бірақ бұл кезде ойнаушылардың шеңберден шығып кетпеуі қатты қадағаланады. «Соқыр текені» ұстаған бала оның орнына тұрады. Осылайша ойын қайталанып, қайта ойналады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.

Мысалы: бесбұрыш-өте жақсы

Тортбұрыш- жақсы

Үшбұрыш- орташа

Ойын ережесін біледі.

**Мерзімі:** 21.09.2021

**Тақырыбы:** «Арқан тартыс»

**Мақсаты:** «Арқан тартыс» ұлттық ойынының мазмұнын , ережелерін, ерекшелігін, ойынның ойналу әдіс –тәсілдерін меңгерту. Балалардың ептілігін , қимыл-қозғалыс әрекетін дамыту. Төзімділікке, өзара достыққа, сыйластыққа тәрбиелеу. Балаларды ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** «Арқан тарту» Ойынның ережесі. Арқан тарту. Алаң ортасына көлденең сызық сызылады. Ойынға ортасына қызыл жіп байланған арқан қойылады. Ойынға қатысатын оқушылар өз топтарымен бірге екі жақтан арқанды тартады. Ортадағы көлденең сызықтан қай топ бұрын сүйреп өткізсе , солар жеңіске жетеді.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды ұлттық ойынының мазмұнын , ережелерін, ерекшелігін біледі. ойынының мазмұнын түсінеді.

**Мерзімі:** 28.09.2021

**Тақырыбы:** «Сақина»

**Мақсаты:** Балалардың қимыл белсенділігін, ойында ынтасын арттыру. Ұлттық тәрбиені нығайту. Шапшандыққа, жылдамдыққа тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

Қол алысып, қәне, біз,  
Достасайық бәріміз.  
Айтарым бар сендерге,  
Тез тұрындаршеңберге.  
Қандай жақсы біртұру,  
Достарменен біржүру!

**Шарты:** Дөңгелек ортасында тұрған жүргізуші, алақанының арасына сақинаны салып, қалған ойыншылардың алақандарына салған болып шығады. Ойыншылардың біреуінің алақанына сақинаны салып: «Менің сақинам қайда?»- деп дауыстап сұрайды. Сұрақты естіген соң, сақинаны алған бала ортадан жүгіріп шығуы қажет. Ойын шарты бойынша көршісінің міндеті сақинасы бар баланы ұстап жібермеуі керек.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.

Мысалы: бесбұрыш-өте жақсы

Төртбұрыш- жақсы

Үшбұрыш- орташа

Ойын ережесін білді. Қызыға ойнады.

**Мерзімі:** 05.10.2021

**Тақырыбы:** «Орамал тастамақ»

**Мақсаты:** Ойын ережесін түсіндіру. Ойын барысында балалардын қимыл-қозғалысын жетілдіру. зеректікті, жылдам ойлау қабілетін, тездікті арттыру

**Ұйымдастыру кезеңі:** Ойыншылар екі топқа тең бөлініп, арасы он адымдай екі сызықтың бойына қарамақарсы қатарға тұрады. Жүргізуші қолындағы орамалын бірінші топтың өз жағындағы шеткі ойыншыға береді. Ол орамалды өзінің қарсыласының біреуне тастайды да «қа» деп дауыстайды, ол қағып алып, «ғаз» деуі керек, немесе «ла» дейді. Сонда «қағаз», «кала», т.б. сөздер шығады. Айтылатын сөз екі буыннан ғана тұруы қажет. Орамал қағып алған ойыншы сол бірінші буынның сөзі шығатындай екінші буынды уақытында тауып айта алмай қалса, ортаға шығып өнер көрсетеді. Енді орамалды қарсыластар тобына өзі лақтырады. Лақтырған кезде жаңағыдай сөздердің бірінші буынын айтуы керек. Осылайшы екі топтың ойыншылары орамалды бір-біріне лақтырып, ойынды жалғастыра береді.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Мысалы: бесбұрыш-өте жақсы  
Тортбұрыш- жақсы  
Үшбұрыш- орташа  
Ойын ережесін білді.



**Мерзімі:** 12.10.2021

**Тақырыбы:** «Айгөлек»

**Мақсаты:** Шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету.  
Балалардың сөздік қорларын дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Ойынға қатысушылардың саны 10-15 балаға дейін.  
Ойынды көгалда, аулада, алаңқайда ойнай беруге болады.

Ойын шарты: Қатысушылар саны бірдей екі топқа (А және Ә) бөлініп, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Екі топтың ара қашықтығы — 15-20 метрдей жер.

Ойынның мақсаты — қарсы жақтың құрсауын үзіп, өз жағына көбірек ойыншы алып қайту.

Жеребесалудың нәтижесінде ойынды бірінші болып бастауға тиісті жақ (айталық А тобы) екінші (Ә тобына) жақтағы қарсыластарына қарап, хормен қосыла ән айтады: Айгөлек-ау, айгөлек,

Айдың жүзі дөңгелек.

Теміршіден дем шығар,

Үзеңгіден тер шығар.

Ақтерек пен көктерек,

Мұнда сізге кім керек?

Қарсы, топ (Ә) жауапқатады:

Айгөлек-ау, айгөлек,

Айдың жүзі дөңгелек.

Теміршіден дем шығар,

Үзеңгіден тер шығар.

Ақтерек пен көктерек,

Бізге тек Қамбар керек.

Немесе:

А тобы: — Құрсауды үзіндер!

Ә тобы: — Кім керек?

А тобы қарсы жақтағы керек ойыншының атын атайды, Есімі аталған ойыншы қарсы жақтың тобына қарай екпіндей жүгіріп келіп, қарсыластардың құрсауын үзуге тиіс. Егер ол құрсауды үзсе, бір ойыншы алып өз тобына қайтады, Ал, егер үзе алмаса, сол жақта қалады. Ойын соңында кісіні көп жинаған топ жеңіске ие болады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.

Мысалы: бесбұрыш-өте жақсы

Төртбұрыш- жақсы

Үшбұрыш- орташа

Ойын шартын түсінді.

**Мерзімі:** 19.10.2021

**Тақырыбы:** «Қол күрес»

**Мақсаты:** Білек күшін жетілдіру; ұлттық ойынға деген қызығушылығын арттыру. «Қол күресі» ойынын насихаттау.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Қол алысып, қәне, біз,

Достасайық бәріміз.

Айтарым бар сендерге,

Тез тұрындар шеңберге.

Қандай жақсы біртұру,

Достарменен бір жүру!

**Шарты:**

Столдың шетіне қарама – қарсы екі ойыншы оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып алады. Осылайша ұстасқан екі ойыншы тәрбиешінің белгісімен, шынтақтарын сол орынынан қозғамай қарсыласының тіреулі қолын жығуға ұмтылады. Білегі жығылған ойыесшы жеңіліп ойыннан шығады.

Бұл ойынды олимпиадалық немесе айналмалы деп аталатын жүйемен өткізуге болады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.

Мысалы: бесбұрыш-өте жақсы

Тортбұрыш- жақсы

Үшбұрыш- орташа

Ойын ережесін білді.

**Мерзімі:** 26.10.2021

**Тақырыбы:** «Түйілген орамал»

**Мақсаты:** Балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру. Шапшаң әрі шыдамды, ұйымшылдыққа үйрету. Ойынға деген қызығушылығын ояту

**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалармен түйілген орамал ойынын ойнар алдында оның шарттарымен таныстыру, ойын топ балаларымен ойналады. Түйілген орамалды ұстап қашқан баланы қуу. Ұсталған бала өз өнерін көрсетеді.

**Шарты:** Бір баланы жүргізуші етіп тағайындаймыз. Ол бала ойнаушыларды өз айналасына жинайды; «бір, екі, үш», - деп дауыстайды. Осы кезде ойнаушылар жан-жаққа бытырай бастайды. Ал ойын жүргізуші қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол бала ойын жүргізуші жете бергенде, қолындағы орамалды басқа біреуге лақтырады. Орамалды қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша, ойын жүргізуші түйілген орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншыны көпшіліктің ұйғаруымен ортада шығып, өнер көрсетеді. Осыдан соң ойын жүргізушіні ауыстырады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын ережесін білді. Қызыға ойнады.

**Мерзімі:** 02.11.2021

**Тақырыбы:** «Салт аттылар»

**Мақсаты:** Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту. Балаларды ептілікке арттыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Қол алысып, қәне, біз,  
Достасайық бәріміз.  
Айтарым бар сендерге,  
Тез тұрындаршеңберге.  
Қандай жақсы біртұру,  
Достарменен біржүру!

Салт аттылар - қазақтың ұлттық ойындарының бірі.

Ойын жасыл алаңда немесе спортзалда төсеген маттар үстінде өтеді. Алдын ала ойнаушылар екіден бөлінеді, жасалынған жұптар екі құрамаға бөлінеді. Ойынға тек қана ұлдар қатысады.

Ереже бойынша, әрбір жұпта біреуі басқаның мойына отырады және құрама “салт аттылар” тобын құрайды. Жүргізушінің белгісі бойынша ойынды бастайды. Екі құрамадан ортаға екі “салт аттылар” шығады. Ойын шарты бойынша “салт аттылар” бір-бірін “ат” үстінен құлату керек. Қай топтың “салт аттылары” жиі құласа, олар жеңілген боп аталады. Ойын аяғында жүргізуші жеңімпаздары атайды және алдын ала дайындалған жүлделерді таратады

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, қызыға ойнады..

**Мерзімі:** 09.11.2021

**Тақырыбы:** «Әткеншек»

**Мақсаты:** Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын дамыту. Балаларды ептілікке, шапшандыққа тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Ойнаушылар шеңбер жасап тұрады. Тәрбиеші балаларға ұшы түйілген жіп береді. Балалар оң қолдарымен жіптен ұстап, солға бұрылады да, мына тақпақты айтады:

Әрең-әрең әлдиледі,  
Әткеншегім ән биледі.  
Тербеткенде ойнадым ғой,  
Жүгіруді қоймадым ғой.

Балалар мәтінге сәйкес шеңбер жасап жүреді: алдымен жайлап, содан соң тезірек, ал соңында жүгіреді. Тәрбиеші балалар жүгірген кезде «Жү-гі-ре-міз, жү-гі-ре-міз» деген сөзді айтады.

Балалар шеңбердің бойымен екі рет шыққаннан кейін тәрбиеші қимыл бағытын өзгертіп: «Бұрылындар» дейді. Ойнаушылар шыр айналып, сол қолдарымен жіпті тез ұстайды да, екінші жаққа жүгіреді.

Содан соң тәрбиеші балалармен бірге қарай жалғастырады:

Жаймен ғана тербетіндер,  
Әткеншекпен ер жетіндер!  
Бір, екі, бір, екі,  
Ойын бітті мінеки!

Әткеншек қимылды бірте-бірте жайлай бастайды. «Ойын бітті мінеки!» деген сөздерді естігенде, балалар жіпті тастайды да, алаңмен жүріп тарап кетеді.

Балалар біраз тыныққаннан кейін тәрбиеші үш рет қоңырау соғады немесе үш рет дабыл қағады. Ойнаушылар әткеншектен орын алуға асығады, яғни шеңберге барып тұрады да, қолдарына жіп алады. Ойын қайтадан басталады. Үшінші қоңырауға дейін орын алуды үлгермесе, әткеншек теппейді, жаңа отырғызуға басталғанға дейін күтіп тұра береді.

Әткеншек ойынын ойнап біткен соң, құрсауды еденге жақсылап жалғастаруы керек, өйткені ойынды қайталағанда, құрсауды тез алып, қайтадан шеңбер жасауына оңай болады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойынды қызыға ойнады.

**Мерзімі:** 16.11.2021

**Тақырыбы:** «Ақ серек, көк серек»

**Мақсаты:** Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын, шапшаңдылығын дамыту. Балаларды ептілікке арттыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Күндей жадырап,  
Айдай арайлап,  
Жұлдыздай жарқырап,  
Судай таза көңілмен  
Бүгінгі ойынымызды бастаймыз

Балалармен далаға шығып, тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді.

- \* Балалар 2 топқа бөлінеді
- \* Екі топтың балалары қолдарынан ұстап, бір – біріне қарама – қарсы тұрады.
- \* Бір топтың балалары екінші топтың балаларына

«Ақ серек, көк серек,  
Бізден саған кім керек?» - деп сұрайды

- \*Екінші топтың балалары бір баланың (Алдияр)  
Атын айтып, шақырады.

Шақырылған бала қарама – қарсы тұрған топқа қарай жүгіріп, топты үзуі керек.

- \*Егер топ үзілсе сол топтан бір баланы өзінің тобына алып келеді.
- \*Егер үзілмесе сол топта өзі қалады.
- \*Ойын осылайша жалғаса береді.
- \*Балалар ойын шарты бойынша ойнайды

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын ережесін бұзбай ойнай білді.

**Мерзімі:** 23.11.2021

**Тақырыбы:** «Теңге ілу»

**Мақсаты:** Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын, шапшаңдылығын дамыту. Ұжымда ойнауға дағдыландыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Достарды біз қолдаймыз

Қиын шақта қорғаймыз.

Тату – тәтті ұл– қыздар,

Күнде бірге ойнаймыз.

Балалармен далаға шығып, тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді.

**Ойын:** Теңге ілу

Ойынның шарты.

Ойынға қатысушылар тепе - тең екі топқа бөлінеді. Әрқайсысы жеке-жеке шыбықтан ат мінеді. Ойын кезінде басталатын жерге сызық сызылады. Одан әрі 20 - 30 метрдей жерден тереңдігі бір қарыстай екі шұңқыр қазылады. Шұңқырға он - оннан тас салынады. Содан екі топтан екі сайыскер шығады, сызыққа келіп қатарласып тұрады. Бастаушының белгісі бойынша шыбық аттарын құйғытып шаба жөнеледі. Сол беттерімен әлгі шұңқырға жетіп қол соғып жібереді де, тасты іліп алып, әрі қарай шауып кете береді, шұңқыр тұсына бөгелуге болмайды. Ұпай әр сайыскердің іліп алған тастарының санына қарай есептеледі. Қай топ көп ұпай жинаса, сол топ жеңіске жетеді.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты орындады.



**Мерзімі:** 30.11.2021

**Тақырыбы:** «Ұшты ұшты»

**Мақсаты:** Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұжымда ойнауға дағдыландыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Алақанды ашайық,  
Күннің нұрын салайық  
Таза ауаны жұтайық,  
Жүректің жылуын,  
Бір – бірімізге сыйлайық.

Балалармен таза ауаға шығып, тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді.

\*Балалар ұшатын нәрсе айтылса қолдарын көтеріп, ол заттың қалай ұшатынын көрсетуі керек.

\*Ұшты –ұшты кітап ұшты. Кітап ұша ма?

\*Ұшты –ұшты торғай ұшты. Торғай ұша ма?

Ол қалай ұшады?

\*Ұшты – ұшты қалам ұшты. Қалам ұша ма?

\*Ұшты –ұшты ұшақ ұшты.

Ойын осылайша жалғаса береді. Балалар ойын шарты бойынша қызығушылықпен ойнайды.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды.

**Мерзімі:** 07.12.2021

**Тақырыбы:** «Ханталапай»

**Мақсаты:** Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл қозғалыстарын, байқағыштығын, шапшаңдылығын дамыту.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалармен далаға шығып, тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді.

Ойын шарты: Ойынға 4-5 үміткерден қатысады. Ойын үшін 10 асық таңдап алынады. Он бірінші асықтардан ерекше өзге түс( қызыл ) боялған болуы шарт бір – бірден асық иірусудің қорытындысы бойынша ойыншылар кезектерін бөліседі. Бұдан соң алғашқы ойыншы қос уыстай ұстаған бар асықты ортаға иіруі керек. Қалған ойыншылар аңдысын аңдап өзге асықтардан ерекшеленген «ханға» қадалады. Себебі, хан алшы т,ссе, барлығы тарпа бас салып, ортадағы асықтарды, хан талапай жасауы тиіс. Хан кімнің қолында кетсе, келесі иірі кезегі соған беріледі екен, хан мен бірге қолына ілінген асықтардың санына қарай ұпай жазылады. Хан алшы түспеген жағдайда иірген ойыншы шашылған асықтардың бүгі мен бүгін, шігі мен шігін, алшысымен алшысын, тәйкісімен тәйкісін бір – біріне соғып, кенейлер бір –біріне тимей қалғанша ұпай жинайды.Көздеген асығы үшінші бір асыққа тиіп кетсе немесе бөгде асықты қозғап қалса да, ойынның бұзылғаны. Онда кезек келесі ойыншыға беріледі. Осы ретпен әр ойыншы жинаған асығының санына қарай ұпай жинайды.Межелі ұпай санын (100, 50 немесе 80,40) ойын жүргізуші алдын ала белгілейді.Межеге бұрын жеткен ойыншы жеңімпаз болып саналады.

Ескерту:Асықтарды бір – біріне тигізу кезінде қолмен сүйретіп апаруға, орыннан қозғап түзетуге болмайды. Ойынның соңына дейін ханға бірде – бір асық тимеуі керек. Себебі ол –Хан.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты орындады.

**Мерзімі:** 14.12.2021

**Тақырыбы:** «Мысық пен тышқан»

**Мақсаты:** Ойынды түсіндіріп, балалардың қимыл-қозғалыстарын, ептілікке үйрету. Ұжымда ойнауға дағдыландыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Алақанды ашайық,

Күннің нұрын салайық  
Таза ауаны жұтайық,  
Жүректің жылуын,  
Бір – бірімізге сыйлайық.

Балалармен таза ауаға шығып, тәрбиеші ойын шартын түсіндіреді.

Балалар санамақ арқылы мысық пен тышқанды анықтап алады.

\*Қалған балалар қолдарынан ұстап, дөңгелене шеңбер құрып тұрады.

\*Шеңбердің іші тышқанның үйі болады.

\*Мысық тәрбиешінің белгісі бойынша шеңберді айнала жүгіріп тышқанды қуады, ал тышқан мысықтан барынша алдап қашуға тырысады.

\*Егер мысық тышқанды ұстап алатын болса, балалар рөлдерімен ауысады.

Ойын осылайша жалғаса береді. Балалар ойын шарты бойынша қызығушылықпен ойнайды.

Ережені естеріне сақтап, әр қимылдарын байыппен орындап барынша мысыққа ұсталмауға тырысады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын ережесін бұзбай ойнай білді.

**Мерзімі:** 21.12.2021

**Тақырыбы:** «Хан»

**Мақсаты:** Ойынды түсіндіріп, қимыл қозғалыстырын, есте сақтау қабілетін дамыту. Ұжымда ойнауға дағдыландыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Достарды біз қолдаймыз

Қиын шақта қорғаймыз.

Тату – тәтті ұл– қыздар,

Күнде бірге ойнаймыз.

Ойынға қатысушыларға шек қойылмайды. Ойынға қатынасшылар көнге қаншадан асық шығаратынын алдын ала келісіп алады. Көнге жиналған асықтарды бір жерге басып біріктіреді. Содан кейін көп асықтың ішінен бір белгілі асықты «Хан» деп сайлайды. Екінші ойыншылар көнге жиналған «әр ойыншы не бес, не он асықтан қосуға тиіс) асықты иіретін ойын жүргізуші тағайындап алады. Ол жиналған асықты ортаға екі қолдап иіріп тастай береді. Барлық асықтарды иіріп болған кезде «Хан» көп асықтың арасында көрінбей қалуы мүмкін, мұндай жағдайда ойнаушылардың барлығы асықты иірушінің «Ханды қара басты» деген дауысты естігеннен кейін бас салып асықтарды талап алады. Екінші жағдайда иірген асықтардың арасында «Хан» ашық жатса, онда «Ханмен» бүк жатқан асықты ату керек, ойын осылай жалғаса береді. Ойынның шарты бойынша «Ханмен» асықты атқан кезде басқа асықтарды қозғауға болмайды. Сөйтіп, ойын шарты бұзылғанға дейін немесе барлық асық атылып болғанға дейін ойын жүре береді.

Ойын осылайша жалғаса береді. Балалар ойын шарты бойынша қызығушылықпен ойнайды.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты орындады.

**Мерзімі:** 28.12.2021

**Тақырыбы:** «Ойлайықта,ойнайық»

**Мақсаты:** Балалардың танымдық үдерістерін дамыта отырып,ақыл ойын,логикалық ойлауын,қиялын,ептілігін,есте сақтау қабілетін дамыту.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Алақанды ашайық,

Күннің нұрын салайық

Жүрекке жылу сыйлайық,

Жиналған жылы шуақты

Қонақтарға шашайық

Танымдық сұрақтар: «Тәулік бөліктері»

Ғажайып сәт:

- Балалар қараңдаршы атайдың бақшасында шалқандар өсіпті. Қане санайықшы. Неше шалқан екен?

- Шалқанның барлығы бірдей ме?

- Қараңдаршы шалқандарды атай бақшадан жинай бастады. Атай төрт шалқанды жинап соңғысына келгенде жұла алмады. Ары тартты, бері тартты шамасы келмеді. Сөйтіп ол кемпірін шақырады.

Кемпір:

- Мен мына балапандарымды түгендеп санай алмай жатырмын.

Тәрбиеші:

- Балалар апаға көмек береміз бе? Қане балапандарды санайықшы.

(Ары тартады бері тартады шалқан жұлынбайды. ) Апасы Қызын шақырады.

– Қызым келші көмектесші.

Қызы: Сабақтан берілген танымдық есептерді шығара алмай отырмын.

Тәрбиеші:

- Балалар қызға көмек берейік.

Танымдық есептер:

1. Үстел үстінде 4 алма,

Оның біреуін ағам жеп қойды,

Сонда қалды неше алма?

2. Күн шуақта 1 күшік

Отыр еді жанына

Келді тағы бір күшік

Нешеу болды сен сана?  
Ары тартады бері тартады болмайды.  
Қызы күшігін шақырады  
- Күшігім, келші көмектесші

Күшік:  
- Мен үйшігімді сындырып алдым.

Тәрбиеші:  
- Балалар күшіктің үйшігін құрастырып берейікші.  
Ары тартады бері тартады болмайды. Күшік болса досы мысықты шақырады.

Күшік:  
- Мысық досым келші көмектесші

Тәрбиеші:  
- Балалар мысық ұйқысын аша алмай жатыр екен Қане мысық оятып сергітіп алайықшы ол үшін орнымыздан тұрып сергіту сәтін жасайық

Сергіту сәті:  
(Музыка ырғағымен)

Ары тартады бері тартады болмайды.

Мысық: тышқан келші көмектесші.

Тышқан: байқамай кілемді кеміріп тастаппын. Маған ұрысатын болды.

Тәрбиеші:  
- Балалар тышқанға көмек беремізбе кілемнің жамауын табайықшы.  
Сөйтіп ары тартып бері тартып шалқанды жұлып алады.  
– Мінекей балалар ынтымақтың, біріккеннің, достықтың арқасында шалқанды тартып алды. Жарайсындар балалар сендердің де көмектерің тиді.  
– Балалар достық туралы мақал - мәтелді кім айтып береді?

Атасы: Балалар міне достықтың, ынтымақтың және сендердің арқаларыңда шалқанды тартып алдық. Енді сендерге қызықты шығармашылық тапсырма беремін. Сендерге ұнайды деп ойлаймын. Ал енді сау болындар!

Тәрбиеші:

- Орындаймыз ба?

- Ол үшін үш орталыққа бөлінеміз

1. орталық тапсырмасы: «Шалқан» ертегісіндегі шалқанды дәстүрден тыс жармамен салу.

2. орталық тапсырмасы:

Матадан қиылған геометриялық пішіндерден моншақ жасау.

3. орталық тапсырма:

Жарма арқылы геометриялық пішіндерді салып, неше түрлі бейнелер салу.

Саусақ жаттығуы

Санайық жаңаша,

Бір, екі, үш!

Желбіре жалауша,

Достықта біздің күш.

**Қорытынды:** - Балалар қараңдаршы тақтада ненің бейнесі тұр? Оның пішіні қандай?

- Оның шуақтары менде тұр. Егерде сендер мына шуақтағы қорытынды сұрақтарға жауап берсеңдер күннің шуағы шығады.

1. Сендер қай ертегі кейіпкерлеріне көмектестіңдер?

2. Шалқанды орыс тілінде не дейміз? Оның пішіні қандай?

3. Моншақтарды қандай пішіндерден жасадыңдар?

4. Балалар күшікке үйшікті қандай пішіндерден салдыңдар?

5. Шалқанды атасы көргенде қалай таңғалды? шаршағанда қайтті?

Балаларды күн бейнесімен бағалау.

**Мерзімі:** 11.01.2022

**Тақырыбы:** «Кім жылдам»

**Мақсаты:** Ойын үстінде балаларды сергіте, қуанта отырып, белсенді әрекетке жұмылдыру, ой-өрістерін, тіл байлығын дамыту. Ойын арқылы білімдерін жетілдіру, балаларды сабырлыққа, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалар бүгін күн шуағын шашып, жарқырап тұр екен бізге қонақтар келіпті, қане әсем табиғатымызға қайырлы күн тілейік.

Шаттық шеңбері:

Қайыл күн, көк аспан!

Қайырлы күн, жер ана!

Қайырлы күн, қонақтар,

Қайырлы күн, достарым!

Дөңгеленіп тұрамыз,

Шаңырақты көтеріп,

Керегені құрамыз.

Оқтай болып иіліп,

Киіз үйді құрамыз.

Балалар бүгін бізге қонаққа Қожанасыр атамыз келеді. 2 топ болып қарсы алайық.

Қ/о «Кім жылдам»

Шарты: үстел үстінде ша-шылған суретті жылдам алып сол бойынша өз орын дарын тез тауып тұру керек

Ұлт. ойын: «Орамалтастамақ»

Шарты: екі топтың балалары

орамал тастау арқылы кезек тесіп қойылған сұрақтарға жау-ап беру керек.

1. Бағдаршамның неше көзі бар?

2. Аспанда неше жұлдыз бар?

3. Адамда неше көз бар?

4. Қойдың неше аяғы бар?

5. Күннің түсі қандай?

6. Құстың неше қанатты бар?

Тосын сәт: домбыраның үні естіледі, ішке домбырасы қолында, иығына қоржынын асып алған Қожанасыр ата келеді.

- Сәлеметсізбе ата? Жолдан шаршап келген боларсыз, төрге шығыңыз, отырыңыз.

- Баллар көрдіңдер ме ата қор-жын әкеліпті, сендер тапсырма орындауға дайынсыңдар ма?

- Қиындықтан қорықпайсыңдар ма?

- Қоржынның қандай пайдасы бар?

- Жарайсыңдар балалар, қор-жынды иыққа да асып азық-түлік салса да болады.

Жаңа сөз: қоржын, шапан.

«Асық» ойыны.

Шарты: Қоржыннан асық алып, қандай түсті екенін және сол түстес хатты тауып қандай таңбамен белгілененін айтады.



Қоржыннан бір бала бір асық  
алып бал-ға көрсетеді, тәрбие-ші сұрайды:

-Мынау асықтың түсі қандай? Кім маған осы түске ұқсас хат-ты тауып береді. Сары түстен қандай заттарды білесіңдер?

Қандай таңбамен белгіленген?

5-хаттағы тапсырма:

Санамақ айту.

-Мынау асықтың түсі қандай? Кім маған осы түске ұқсас хат-ты тауып береді. Жасыл түстен қандай заттарды білесіңдер?

Қандай таңбамен белгіленген?

3-хаттағы тапсырма:

Жаңылтпаштар айту:

-Мынау асықтың түсі қандай? Кім маған осы түске ұқсас хат-ты тауып береді. Ақ түстен қандай заттарды білесіңдер?

Қандай таңбамен белгіленген?

1-хаттағы тапсырма:

Жұмбақтар шешу.

1. Тыңдап әнін, өлеңін,

Үйден кино көремін.

2. Шіркіннің өзіне обал-ақ,

Жүреді аяқта домалап.

-Мынау асықтың түсі қандай? Кім маған осы түске ұқсас хат-ты тауып береді. Көк түстен қандай заттарды білесіңдер?

Қандай таңбамен белгіленген?

4-хаттағы тапсырма:

«Бәйге» ойыны.

Шарты: 2 топ кезектесіп пира-миданы ретімен тура орналас-тырулары керек.

-Мынау асықтың түсі қандай? Кім маған осы түске ұқсас хат-ты тауып береді. Қызыл түстен қандай заттарды білесіңдер?

Қандай таңбамен белгіленген?

2-хаттағы тапсырма:

«Тенге алу» ойыны.

Шарты: Жердегі түйілген ора-малды тістеп алу керек (тізеле-рін бүкпей, қолдарымнен ұста-май). Ормалда логикалық тап-сымалар болады.

Тәрбиеші балаларға нұсқау бе-реді, қауыпсіздік ережесімен таныстырады. Даму мүмкінші-лігі шектеулі балалармен жұмыс жасайды.

Саусақ жаттығуы:

Балалар фотокарточкадағы сурет бойынша 2топқа бө-лінеді.

1-топ: «Шапан»

2-топ: «Қоржын»

- Үш көзі бар.

- Көп жұлдыз бар.

- Екі көз бар.

- Төрт ая,ы бар.

- Күннің түсі сары.

- Екі қанаты бар.

-Салеметсізбе ата!

- Иә, дайынбыз!

- Қорықпаймыз!

-Қоржынды атқа асып қояды.

-Аталарымыз баклажкаға айран, сүт, қымыз құйып қоржынға салып қояды.

- Қоржын, шапан.

-Асықтың түсі сары.  
- Хаттың түсі де сары.  
-Сары түстен: күн, алма  
шар, доп..т.с.с.  
- 5 санымен белгіленген.  
-Бота, түйе, құлын, бие,  
Торғай, шошқа, қой, қозы  
Бұзау, бұлан, көжек, қоян  
Бақа, шаян, торғай, шымшық  
Сен қал ! Сен шық !  
- Түсі жасыл.  
-Жасыл түстен: шөп, доп, көйлек, жапырақ..т.с.с.  
- 3 санымен белгіленген.  
-Қыста- күн қысқа,  
Күн қыста- тым қысқа.  
-Шеше, неше кесе  
Сынды кеше. т.б.  
- Түсі ақ.  
- Ақ түстен:сүт, айран, құрт  
бұлт, машина т.б.  
- 1 саны.  
- Теледидар.  
- Доп.  
- Түсі көк.  
- Көк түстен:аспан, туымыз  
дың түсі көк, гүл т.б.  
- 4 саны.  
Балалар пирамиданы реті-мен орналастырады.

- Қызыл түсті.  
-Қызыл түстен: көйлек, шар, доп, гүлдер т.б.  
- 2 саны.  
Балалар ойын шартын бұзбай ойнайды. Оқу іс-әрекетіне қатыспай отырған бал-дың қызығушылығы артады.  
-2 қоян.  
-3 шымшық.т.с.с.  
Балалар өз топтарымен 2 орталыққа бөлінеді.  
1-жапсыру орт. «Қоржын»,  
2 түрлі әдіспен жапсырады 1-әдіс:қоржынды геом-қ пішін-н жамап жапсыру, 2-әдіс жұлмалап жыртып жапсыру .  
2-бейнелеу орт. «Шапан» ,  
2 түрлі әдіспен бейнелейді.  
1-әдіс:дайын шапанның бейнесін саусақпен бояйды 2-әдіс губканы ақ парақ-тың бетін тұтас гуашпен бояу арқылы шапанның бейнесін шығарады.  
Қожанасыр  
Инжудің атасы: Аман  
сыңдар ма  
құлындарым,  
тойларың құтты бол-сын. Мен сен  
дердің тойларыңа үлкен қоржы  
нмен келдім.  
Қоржыным-дағы асықтарға сендерге арнап тапсырмалар, ойындар дайын-дап келдім.

Тәрбиеші бал-н сұрақ қою ар-қылы не түсінгендерін анық-тайды. Жұмыстарын көрме ұй-ымдастыру арқылы бағалайды.

**Қорытынды:** -Бал-р сендер Қожанасыр ата-ларыңның ойындарын жақсы ойнап, өздеріңнің алғыр, тап-қыр, зерек, шапшандықтыңды көрсеттіңдер.

-Бәйге ойыны.

-Асық ойыны.

-Тенге алу ойыны.

-Сау болыңыз.

-Қожанасыр ата келді.

-Ойындар ойнадық.

-Арқан тартыс, қыз куу,

ханталапай, аударыспақ .

-Бал-р бүгін-гі қоржын тойларың өте жақсы өтті. Айтың-даршы қай ойын ұнады?

Жарайсың-дар балалар,

Мерзімі: 18.01.2022

**Тақырыбы:** «Кедергілерден аттап өту»

**Мақсаты:** Ойын жүзінде белсенділікке, икемділікке, шапшаңдылыққа үйрету. Ертегіге деген қызығушылықтарын дамыту. Адамгершілікке, бауырмалдыққа, достыққа тәрбиелеу

**Ұйымдастыру кезеңі:** -Сапқа тұру. Амандасу.

Балалар жаңа мен бала бақшаға келгенде бір флешка тауып алдым. Кәнекей, тыңдап көрейікші.

Үнтаспа: (Балалар, мен көжегімді орманда жоғалтып алдым, маған тауып алуға көмектесіңіздерші). Балалар, қоян көжегін жоғалтып алыпты. Көмектесеміз бе?

Балалар: Ия.

Жеткші: Біз орманда абайлап жүруіміз керек. Сендер орман ережесін білесіңдер ме? (Карточкамен белгілерді көрсету)

Қазір біз денемізді шынықтырып алу үшін би залына аттанамыз. Балалар сендер би билегенді жақсы көресіңдерме? Кәне бір сәт көзімізді жұмайық. Өзімізді би залында тұрғанымызды елестетеміз.

— Сапта тұру;

— Аяқтың ұшымен жүру;

— Аяқтың өкшесімен жүру;

— Жартылай отыру;

— Толық отыру;

— Жай жүру;

— Жүгіру;

— Үш колоннаға бөліну

Енді орманға аттанамыз. (Бір саппен тұрып, шаңғы тәрізді жүру) Орманға кіру.

Залда бір ағаш тұрады. ( Ағаштың жанынан карточкаларды тауып алады).

Балалар, қараңдаршы, мына орман сыйқырлы екен. Біздің алдымызда әр түрлі кедергілер бар екен. (балаларға карточкаларды көрсету).

Екі сапқа тұрып кедергілерден өту.

— Бөрене үстінен еңбектеп өту (гимнастикалық орындықтан жүру)

— Ағаштың астынан абайлап өту (доға)

— Тастың үстінен секіріп өту (қатты модульдерден секіру)

— Жотадан сырғанап түсу. (жұмсақ модульдер)

— Балалар жақсылап қараңдаршы, көжек мүлдем көрінбейді! Енді не істейміз? Мүмкін орнымызды ауыстырып, кедергілерден қайтадан өтеміз.(қайтадан кедергілерден өту)

Балалар, қараңдаршы, біздің көжегіміз көрінбейме екен?

Төмпешіктің артында біреу жатқан сияқты(төмпешіктің артында көжек-ойыншық жатады)

Міне Көжек, сен қайдасын. Біз сені іздедік. Ал кәне балалар көжекпен ойын ойнайықшы.

**Ойын:** Көп қимылды ойын «Қасқырлар мен лақтар», аз қимылды ойын «аяқпен допты бір-біріне беру»

Балалар сапқа тұрамыз, орманнан шығуға дайындаламыз... Балалар дыбыс шығатын сияқты. Тыңдап көрейікші...

**(Экраннан қоян шығады):** — Балалар, менің көжегімді тауып алғандарына рахмет.

Қоян біз көжекті тапқанымызды естіпті. Қазір біз ағаштың түбіне көжегімізді отырғызамыз, ал қоян келіп алып кетеді.

**Қорытынды:** Ал, балалар, біз сендермен бүгін көп жұмыс атқардық, біздің қолдарымыз шаршады, аяқтарымыз шаршады. Енді дем алайық (ортаға шеңбер құрып, гүл жасау)

Сапқа тұру. Қорытынды

Балалар бүгін не істедік? Қандай қиыншылықтар болды? (балалардың жауаптары) .

**Мерзімі:** 25.01.2022

**Тақырыбы:** «Жасырынбақ»

**Мақсаты:** : Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Ойынға жиналған балалардың барлығы шеңбер құрып, ойын бастаушының айналасына тұра қалып, тақпақтап санамақ айта бастайды. Санамақтың бірнеше түрі бар.

Қандай жылы күн шуақ,

Балапандар жүр шулап  
Қызығына қараймын  
Бір, екі, үш...деп санаймын.  
Шөжелерім шөп-шөп-шөп,  
Жем шашайын көп-көп-көп,  
Он екенсің бәрі-бәрің,  
Отыз түйір дәнiм бар  
Әрқайсыңа қаншадан?  
Теріп жеңдер соншадан.

Немесе, ойын бастаушы алақанын төмен қарата бір қолын жоғары көтереді, ал барлық балалар бір-бір саусағын соның астына тигізіп ұстап тұрады. Ойын бастаушының « бір, екі, үш» белгісімен балалар бір-бір саусақтарын тез тартып алады. Саусағы ұсталған бала көзін жұмып, басқалары тығылады. Көзін жұмған бала 40 не 50 -ге дейін санап, тығылған балаларды іздейді. Тапқан сайын өзі тұрған жерді алақанымен соғып отырады. Балалардың алдын-ала келісуімен, ең бірінші немесе ең соңында қалған бала көзін жұмып, ойын қайта басталады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты орындады.

**Мерзімі:** 01.02.2022

**Тақырыбы:** «Паровоз»

**Мақсаты:** Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі :**

Қатар-қатар тұрайық,  
Кәне, кәне, сұрайық.  
Кімнің болса бойы ұзын  
Паравозы пойыздың  
Кімнің, апай, бойы ұзын  
Паравозы ол пойыздың?!

Тәрбиеші бойы ұзын баланы көрсетеді. Сол бала  
паравоз болып алда тұрады. Ал қалғандары соның  
артынан ұстап тұра бастайды.

Ал, паравоз баста алға,  
Бәрімізді басқар да!  
Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік  
Жүрісті біз гулетіп  
Жүрісті біз гулетіп  
Гу-гу, гу-гу, гуілдеп  
Қалып қойма біріңде  
Пш-пш, пш-пш!-біз кеттік жүрісті біз үдеттік.

**Қорытынды:** Жарайсыңдар! Балалар! Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты орындады.

**Мерзімі:** 08.02.2022

**Тақырыбы:** «Ақ қоян»

**Мақсаты:** Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу.



**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалар шеңбер жасап тұрады да, ал бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп тақпақ айтады.

Ақ қоян-ау, ақ

Орныңнан тұрсаңшы

Шашыңды тарасаңшы

Бетіңді жусаңшы

Әй-әй көйлек кесеңші.

Біреудің қолын үзсеңші-

Дегенде қоян болған бала тақпақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең, бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Егер бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады да үзілген жердегі оң жақтағы бала қоян болады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты орындады.

**Мерзімі:** 15.02.2022

**Тақырыбы:** «Қаздар»

**Мақсаты:** Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру.

**Керекті құралдар:** ( сырнай немесе сылдырмақ).

**Ұйымдастыру кезеңі:** Қысқаша әңгіме, қаз өте сақ құс, ол балапан шығарған кезде, ата қаз балапандардың соңында жүреді. Егер қауіп төнсе, ана қаз екеуі екеулеп балапандарын қорғайды. Қаздар көк шалғында шөп жейді. Барлық балаларға сырнай үлестіріліп, ішінен ата қаз белгіленеді. Балалар шалғында жайылып жүрген қаздарды бейнелеп, баяу сырнай тартады. Тәрбиеші белгісімен қауіп төнгенде, ата қаз сырнайды қатты 2-3 рет тартып белгі береді. Осы кезде балалар қанат қағып жүгіріп барып, ана қаздың жанына жиналады. Ойын қайталанып, ата қаз сайланады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты орындады.

**Мерзімі:** 22.02.2022

**Тақырыбы:** «Төбеде доп қуу»

**Мақсаты:** Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Ойынға қатысушылардың барлығы екі топқа бөлінеді. Әр топтың ойыншылары бірінің артына екеуден сапқа тұрады. Ал капитан өз командасының алдында болады. Команда бірінен бірі 3-4 метр жерде тұрады. Капитандар бір-бір волейбол добын алады да, оны екі қолымен төбелеріне көтереді. Жетекшінің « Бастандар » деген командасы бойынша олар допты басынан асыра артындағы ойыншыға, осы әдіспен келесі ойыншыға береді. Ойын одан әрі қарай жүгіреді, сөйтіп өз тобының алдына келіп тұрады. Доп тағы да колонаның соңына кетеді. Ол топ капитандарының қолына екінші рет қайта тигенше ойын осылай айнала береді. Капитан өз орнына келіп, бірінші болып, допты жоғары көтергенде команда ұтып шығады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты орындады.

**Мерзімі:** 01.03.2022

**Тақырыбы:** «Қасқыр қақпан»

**Мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа ептілікке тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалар екі топқа бөлініп үлкендер « қақпа » екіншісі « қасқырлар » болады. Үлкен топтағы балалар қол ұстаса шеңбер құра жүріп өлең айтады.

Қасқыр түссе қораға,

Ұстамас бола ма

Қол ұстасып тұрайық

Қасқыр қақпан құрайық

Қане қақпан берік бол,

Қасқырды тұр жолатпай

Қасқыр, қасқыр келіп көр!

Қақпан, қақпан берік бол- дегеннен кейін қолдарын жоғары көтереді, осы сәтте « қасқырлар » шеңбер тасасындағы « қой » қораға лап қояды. Егер ойын басқарушының « жап » деген сөзінен кейін барлығы тез қолдарын түсіріп, отыра қойса, ортада қалған « қасқырлар » « қақпан » тобына қосылады. Ал өтіп кеткендері ойынды жалғастырады

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты орындады.

**Мерзімі:** 15.03.2022

**Тақырыбы:** «Бақшада»

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу. Мейірімділікке тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Үлкен шеңбер сызылады. Ол-бақша, оның ішінде шеткеректе орындықта күзетші отырады. Шеңбердің екінші жағында екі орындықтың үстінде таяқ қойылады-бұл бақшаның қоршауы. Балалар таяқ астынан еңбектеп өтіп, « баққа» кіреді.

Жақсы-ау қауын жинаған

Жақсы-ау қарбыз жинаған

Бәрінен де дұрысы

Үлкеннің сөзін тыңдаған,-деп қауын, қарбыз жиып жүреді. Бір кезде « күзетші» келіп « қарақтарым көмектеріңе рахмет»-дейді. Балалар қайтадан таяқтың астынан еңбектеп өтіп, үйлеріне қайтады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты орындады.

**Мерзімі:** 29.03.2022

**Тақырыбы:** «Аяғымызбен жер тебеміз»

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа баулу. Балалардың денсаулығын шынықтыра отырып, қимыл әрекеттерін жетілдіру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Ойнаушылар қимылдаған кезде, көршісіне тимейтіндей қашықтықта дөңгеленіп тұрады.

Тәрбиеші балалармен бірге тексті жай, тәптіштеп айтып тұрады. Балаларға өлеңде айтылған қимылдарды істеуге мүмкіндік береді.

Аяқпенен тарсылдатып билейміз

Қолды соғып, басымызды иеміз

Қолымызды түсіреміз

Қолымызды ұсынамыз.

Осы сөздермен балалар біріне-бірі қол беріп, дөңгеленіп тұрады. Одан кейін былай деп жалғастырады:

Ал, шығайық сайланып

Жүгірейік айналып

Аз уақыт өткеннен кейін тәрбиеші: «Тоқта»-дейді.

Бәрі тоқтайды. Одан кейін ойын қайталанады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты орындады.

**Мерзімі:** 05.04.2022

**Тақырыбы:** «Күн мен түн»

**Мақсаты:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. Балалардың денсаулығын шынықтыра отырып, қимыл әрекеттерін жетілдіру. Ұлттық тұрмыс, салт дәстүрі туралы әсерлерін толықтыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір-бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі берген кезде, сол топтың балалары үйіне жеткізбей қуып жетулері керек. Қолға түскен балалар қуушылар қатарына қосылады. Сөйтіп, ойын осылайша алма-кезек жүріп отырады. Көп бала ұстаған команда жеңіске жетеді.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты ойнауды білді.

**Мерзімі:** 12.04.2022

**Тақырыбы:** «Тақия тастамақ»

**Мақсаты:** Балаларға ойын шартын түсіндіру, баланың сезімталдығын қалыптастыру, қимыл қозғалысын жетілдіру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала қолына тақия алып, ойынды бастайды.

Ойым бар бір ойын бастамақ,

Аты оның «Тақия тастамақ».

Ақырын, аспаймын-саспаймын,

Шеңберді айнала бастаймын.

Бірінің тұсына жеткенде

Сездірмей тақия тастаймын.

Ойын бастаушы тақияны артына жасырып жүріп, сездірмей біреуінің артына тастайды. Бастаушы қайтып оралғанша сезбесе, тақияны ала салып ұрады, ал жазаланушы қашады да, бос орынға отырады. Егер сезіп қалса тақияны ала салып бастаушыны қуады, жетсе, ақырын ұрады. Егер жеткізбесе, бос орынға келіп отырады. Тақия ұстаған бала ойынды ары қарай жалғастырады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты ойнауды білді.



**Мерзімі:** 19.04.2022

**Тақырыбы:** «Жаяу тартыс»

**Мақсаты:** Балалардың денсаулығын шынықтыра отырып, қимыл әрекеттерін жетілдіру. Ұлттық тұрмыс, салт дәстүрі туралы әсерлерін толықтыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Ойыншы қатысушылардың ішінен екі ойыншы ортаға шығады да, ек басыбіріктіріліп түйілген тұйық арқанды мойындарына іліп, қолтық астынан өткізіп, екіжаққа қарай тартады. Ойынның мақсаты – ойыншылардың бірін-бірі тартып белгіленген межеге дейін жеткізу. Қайсысы бұрын жеткізсе, сол ойыншы ұтқан болып есептеледі. Ал ұтылған ойыншының орнына басқа ойыншы келеді. Осылайша ойнаушылардың барлығы қатысып болғаннан кейін ғана жеңіске жеткен ойыншы жариялайды.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты ойнауды білді.

**Мерзімі:** 26.04.2022

**Тақырыбы:** «Сиқырлы таяқ»

**Мақсаты:** Балаларды ұлттық ойынға деген қызығушылықтарын арттыру, ептілікке, шапшаңдыққа, төзімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

**Ұйымдастырушы кезең:** Ойыншылар қол ұстасып, шеңбер бойына дөңгелене тұрады. Қолына таяқ ұстаған ойын жүргізуші шеңбер ортасына шығып, ойыншыларды нөмірлеп шығады да, ойын шартын жариялайды. Содан кейін кез келген бір ойыншының нөмірін атайды да, жерге тіреп тұрған таяқты жібере салады. Нөмірі аталған ойыншы таяқты жерге құлатпай алса, өз орнына барады, ал таяқты құлатып алса, айыбын тартады, ойыншылардың ұйғаруымен ортаға шығып, өнер көрсетеді. Ойын шарты бойынша, әр ойыншы ең аз дегенде, бір реттен ортаға шығарылады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты ойнауды білді.

**Мерзімі:** 03.05.2022

**Тақырыбы:** «Көги көк»

**Мақсаты:** Шапшаңдыққа, ептілікке баулу.

**Ұйымдастырушы кезең:** Тақпақ айтып, бір қызды « кемпір» етіп сайлайды. Қалғандары қаз болады. « Кемпір» шетке шығып тұрады, басқа ойыншылар қаздай тізіліп, бірінің соңынан бірі ұстап:

Гөк, гөк, көги көк,

Гөк, гөк, көги гөк.

Гөк, гөк, көги гөк,-деп қаздың жүрісіне еліктей ақырын оң мен солға шайқалып, « кемпірдің» қасына келеді.

Бірінші келген балаға беріп: « Жоғалтпаңдар!»-деп тапсырады.

Балалар айнала жүріп, қайтадан қаздай тізіліп « кемпірге» келеді.

« Кемпір»

Әлгің қайда?

Қалды сайда!-деп сұрайды.

Балалар бәрі бірдей.

Әлгің қайда?-

Қалды сайда!-деп жауап береді. Олай болса сендердің біріңді алып қаламын, деп « кемпір» балаларға бас салады. Балалар тізбегін жазбай қаша жөнелуі керек. Қолға түскен біреуін « кемпір» қасына алып қала береді. Ойын барлық балаларды түгел ұстап болғанша қайта жалғаса береді.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты ойнауды білді.

**Мерзімі:** 17.05.2022

**Тақырыбы:** «Жаңылма»

**Мақсаты:** Балалардың денсаулығын шынықтыра отырып, қимыл әрекеттерін жетілдіру. Ақыл ой қабілетін дамыту.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Бір топ балалар қол ұстасып дөңгелене тұрады. Бір баланы қаламақ айтып тағайындайды да, ортаға шығарады. Шыққан ойыншы өлең не тақпақ, әңгіме айтып тұрады да жата қалады, не өзінің құлағын ұстайды, бетін құбылтады (әр түрлі іс-әрекеттер жасайды). Ойыншының жасаған іс-әрекетін қайталай алмай, жаңылып қалған бала айыпты болады.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты ойнауды білді.

**Мерзімі:** 24.05.2022

**Тақырыбы:** «Бізде»

**Мақсаты:** Балалардың денсаулығын шынықтыра отырып, қимыл әрекеттерін жетілдіру. Ақыл ой қабілетін дамыту.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Ойынға қатысатын балалар қаз-қатар отырады. Ойын бастаушы ойыншылар алдына шығып, әңгіме айта бастайды. Егер ойын бастаушы балалар қосылатын сөз айтса, басқалар “біз де” деп қосылып айтады. Ал балалардың қосылмайтын сөзі болса, “біз де” деуге болмайды. Байқымай қосылып, әлгі сөзді айтып қалған бала ойыннан шығады.

Ойын жүргізуші:

- Мен көлге барамын,

Балалар:

- Біз де!

Ойын жүргізуші:

- Онан балық ұстап аламын,

Балалар:

- Біз де!

Ойын жүргізуші:

- Балықты итіме беремін,

Балалар:

- Біз де!

Ойын жүргізуші:

- Итім жейді.

- Осы кезде біреу: “біз де” - деп қалса, ойын тоқтайды. Қателескен бала өз өнерін көрсетеді.

**Қорытынды:** Әр бала ойынды ережесін сақтаған соң, өз білімін бағалайды. Ойын шартын түсініп, ұқыпты ойнауды білді.

**Мерзімі:** 30.05.2022

**Тақырыбы:** «Аю бізде қонақта»

**Мақсаты:** Балаларға заттар тобын салыстыру және санына қарай таба білуге үйрету, олардың сипап сезу арқылы заттарды танып, айтуға үйрету. Заттардың арасынан артық нәрсені сыртқы пішіндеріне қарай тез табуға жаттықтыру.

Ұйымдастыру кезеңі: Шаттық шеңбері: шеңбер болып тұрайық, жылы жүзбен Шуақ толған жанымыз, жүрегіміз  
Үлгі алсын көрген жан мына бізден

**Ғажайып сәт:** Есік қағылады, есікті ашып, қолында қорабы бар аю көрінеді. Ол кіріп балалармен амандасады. Балалар аю бізге не әкелгенін көрейік. Ол бізге сыйлық әкеліпті. Қорапты ашып көрейік. Аю ішінде таспасы бар қорапты үстелге қояды. Аю қораптан екі таспадан алып, қайсысы ұзын, қайсысы қысқа салыстыруды сұрайды.

«**Қайсысы көп?**» ойыны: Екі түсті текшелердің түстерін ажыратып, Аю үлкен және кішкентай текшелерді сұрайды. Дұрыс, кішкентай текшені үлкеніне қойып тексереміз. Балалар үлкен текшелерді бір қатарға қойып, үстеріне кішкентай текшелерді қояды. Текшелердің оң және сол қолдарымен алдыру. Кішкентай текше көппе, әлде үлкен текше көппе?

Балалар жауап береді.

**Қорытынды:** Балаларды мақтап мадақтау, сұрақ жауап алу.







## **Вариативтік компонент**

### **«Өсімдіктер әлемі»**

**«Ақкөгершін» ересек топ**

## «Өсімдіктер әлемі»

№	Тақырыптары	Сағат саны
1	Дәнді дақылдар	1
2	Дәнді дақылдар (тақпақтар)	1
3	Бидай	1
4	Санамақ гүлдер туралы	1
5	Көкөністер тақпақтар	1
6	Көкөністер жұмбақтар	1
7	Қиярдың суретін боямақ	1
8	Асылбак	1
9	Терек	1
10	Гүлдер	1
11	Қызғалдақ ертегісі	1
12	Ақ саңырауқұлақ	1
13	Құлпынай	1
14	Жиде	1
15	Қалақай неге күйдірді?	1
16	Шалқан ертегісі	1
17	Бөртегүл	1
18	Жемістер	1
19	Алма	1
20	Бақшаны баптаймын	1
21	Мен Раушан гүлмін	1
22	Көктем келді гүл алып	1
23	Бәйшешек	1
24	Көктемгі табиғатты бақылау	1
25	Қызғалдақ гүлі	1
26	Жемістер туралы тақпақ	1
27	<b>Ағаштар туралы мақал мәтелдер</b>	1
28	Көкөністер дауы	1
29	Қызғалдақ ертегісі	1
30	Көкөністер мен жемістер	1
31	Емдік өсімдіктер	1
32	Орманға саңырауқұлақ теруге барайық	1
33	Аялайық гүлдерді	1
34	Дәрумендер әлемі	1
35	Бөлме өсімдіктері	1
36	Өсімдіктер әлемі	1
<b>Барлығы</b>		<b>36</b>

**Мерзімі: 02.09.2021**

**Тақырыбы: «Дәнді дақылдар».** Балаларға дәнді- дақылдарды таныстыруға арналған танымдық ойын.

**Мақсаты:**Балаларға дәнді дақылдармен таныстыру.Ойын арқылы зеінін,есте сақтау қабілетін дамыту.

**Көрнекілігі:** суреттер,дәнді-дақылдар.

**Әдіс-тәсілі:** Түсіндіру,сұрақ-жауап,ойын.

**Билингвалды компонент:** дәнді-дақылдар-

**Ұйымдастыру кезеңі:**Балалар дәнді-дақылдарды білесіңдер ме?

-Ия білеміз.

-Дәнді-дақылдарды атаңдаршы?

-Бидай,арпа, сулы,маш,күріш т.б

-Дұрыс айтасыңдар балалар.

-Дәнді-дақылдар неден шығады?

-Дәннен.

-Дұрыс айтасыңдар балалар

-Дән нені қажет етеді?

-Суды,күн шуағын т.б

-Ал олай болса балалар мына жерде тек дәнді дақылдардың суреті бейнеленген «не жоқ»деген ойын ойнағыларың келе ме?

**-Ойын: «Не жоқ»**

-Олай болса көздеріңді жұмыңдар қандай дәнді дақылдардың суреті жоқ екенін табамыз.

-Жарайсыңдар балалар.

**Қорытынды:**Балалар дәнді дақылдарды ажырата біледі.Оларға су,күннің шуағы жылу керек екенін түсінеді.

**Күні: 09.09.2021**

**Тақырыбы:** «Дәнді дақылдар туралы тақпақтар»

**Мақсаты:** Балаларды дәнді дақылдар мен таныстыру. Өлеңді жатқа айтуға, мән-мағанасын түсіне білуге үйрету, тілдерін дамыту.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар сендер дәнді –дақылдарды білесіңдер ме?

-Ия білеміз .

-Қандай дәнді-дақылдарды білесіңдер.

-Арпа, бидай, сулы, маш, горох. т.б.

-Дәнді –дақылдар қайда өседі?

-Үлкен алқапта.

-Адамдардың көмегімсіз өсе ме?

-Жоқ.

-Оларды дәннен егеді, арам шөптерден тазартады, суғарады.

-Сендер дәнді дақылдар туралы тақпақтар білесіңдер ме?

-Ия.

**Ербосын:** Тойғызар аш жұртты,

Деседі оны «мұртты».

Ол-ас

Алтын тас.

**Жанерке :** Белшеден су кешіп,

Ақ күріш тұр өсіп.

Күн сайын шомылар,

Таза ғой бұл күріш.

**Қорытынды:** Балалар дәнді-дақылдар туралы көптеген тақпақтар айта біледі.

**Мерзімі:** 16.09.2021

**Тақырыбы:** «Бидай»(сурет боямақ).

**Мақсаты:**Балаларды бидаймен таныстыру.Бізге берер, пайдасын түсіндіру.Балаларға ақ паракқа салынған бидайдың суретін мұқият ұқыпты етіп бояуға үйрету.

**Көрнекілігі:** Суреттер,видео.

**Әдіс-тәсілі:** Түсіндіру,сұрақ-жауап.

**Билингвалды компонент:** Бидай-пшеница

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар сендер бидайды білесіңдер ме?

-ия.

-Бидайды қалай өсіреміз?

-Дәннен егеміз,комбайынмен орамыз,қамбаға тасиды.

-Одан біз не жасаймыз?

-Диірменге апарып одан біз ұн жасаймыз.

-Ұннан не жасаймыз?

-Наубайханаға апарып нан пісіріп дүкендерге сатылымға шығарады.

-Оны кімдер жасайды?

-Біздің үлкен әпке,аналарымыз.

-Нан болмаса біз өмір сүре аламыз ба?

-жоқ.

-Балалар енді алдарыңда тұрған ақ паракқа салынған бидайдың суретін бояймыз,сызықтан шығармай,мұқият етіп бояймыз.

**Қорытынды:**Балалар бидаймен танысты,оның бізге берер пайдасын түсінді.

**Мерзімі:** 23.09.2021

**Тақырыбы:** «Санамақ»(гүлдер туралы)

**Мақсаты:** Балаларды гүлдер туралы санамақтармен таныстыру. Санамақты түсініп, есте сақтауға үйрету.

**Сабақ барысы:**

-Балалар сендер гүлдерді білесіңдер ме?

-Ия білеміз.

-Гүлдер неше топқа бөлінеді?

-Екі топқа бөлінеді, дала гүлдері, бөлме гүлдері.

-Гүлдерді қалай күтіп баптаймыз?

-Су құямыз, арам шөптерден тазартамыз, күннің жылуы керек.

-Гүлді қай мезгілде егеміз?

-Көктем.

-Көктем мезгілінде қалай егеміз?

-Аударылған дайын өңделген жерге ұрығын тастап күтіп баптаймыз.

-Гүл бізге не үшін керек?

-Біз оны анамызға, апа әпкелерімізге сыйлаймыз.

-Гүлдің иісі қандай болады?

-Қош иісті, жұпар иісті әдемі.

-Сендер гүлдер туралы санамақ білесіңдер ме?

-Ия.

**Ернарқожа:** Бір дегенім- бақбақ,

Үлпілдегі жақсы-ақ.

Жол шетінде тұрса,

Кетпеңіздер таптап.

**Дамеля:** Он дегенім-оймақгүл,

Оймақгүл қырда жайнап тұр.

Оймақгүлдің үстінде,

Көбелек қонып, ойнап тұр.

**Нұрбақыт:** Екі дегенім-ерінгүл,

Гүл күтудің ебін біл.

Гүлдейді л көктемде,

Күн нұрын жерге төккенде.

**Раяна:** Санамақты жатта,

Барғын жиі баққа.

Өсімдікті танып,

Біліміңді бапта.

**Кәусар:** Саусағыңды бүгін,

Алғын атын біліп.

Мәңгі есіңе сақта,

Қасиетін ұғып.

-Жарайсыңдар, балалар сендер гүлдер туралы санамақтарды біледі екенсіңдер.

**Қорытынды:** Балалар гүлдер туралы санамақты жатқа айта біледі.

**Мерзімі:** 30.09.2021

**Тақырыбы:** «Санамақ»(қайталау)

**Мақсаты:**Балаларды гүлдер туралы санамақтармен таныстыру.Санамақты түсініп,есте сақтауға үйрету.

**Сабак барысы:**

-Балалар сендер гүлдерді білесіңдер ме?

-Ия білеміз.

-Гүлдер неше топқа бөлінеді?

-Екі топқа бөлінеді,дала гүлдері,бөлме гүлдері.

-Гүлдерді қалай күтіп баптаймыз?

-Су құямыз,арам шөптерден тазартамыз,күннің жылуы керек.

-Гүлді қай мезгілде егеміз?

-Көктем.

-Көктем мезгілінде қалай егеміз?

-Аударылған дайын өңделген жерге ұрығын тастап күтіп баптаймыз.

-Гүл бізге не үшін керек?

-Біз оны анамызға,апа әпкелерімізге сыйлаймыз.

-Гүлдің иісі қандай болады?

-Қош иісті,жұпар иісті әдемі.

-Сендер гүлдер туралы санамақ білесіңдер ме?

-Ия.

**Ернарқожа:** Бір дегенім- бакбақ,

Үлпілдегі жақсы-ақ.

Жол шетінде тұрса,

Кетпеңіздер таптап.

**Дамеля:** Он дегенім-оймақгүл,

Оймақгүл қырда жайнап тұр.

Оймақгүлдің үстінде,

Көбелек қонып,ойнап тұр.

**Нұрбақыт:**Екі дегенім-ерінгүл,

Гүл күтудің ебін біл.

Гүлдейді л көктемде,

Күн нұрын жерге төккенде.

**Раяна:**Санамақты жатта,

Барғын жиі баққа.

Өсімдікті танып,

Білімді бапта.

**Кәусар:** Саусағыңды бүгін,



Алғын атын біліп.

Мәңгі есіңе сақта,

Қасиетін ұғып.

-Жарайсындар,балалар сендер гүлдер туралы санамақтарды біледі екенсіңдер.

**Қорытынды:**Балалар гүлдер туралы санамақты жатқа айта біледі.

**Мерзімі:** 07.10.2021

**Тақырыбы:** «Көкөністер тақпақтар»

**Мақсаты:**Көкөністер туралы білімдерін кеңейту.Күзде пісетін көкөністерді атау,оларды өсіруге және күтім жасауға үйрету.Көкөністер туралы тақпақтар жатқа айтуға мән-

мағанасын түсіне білуге үйрету, тілдерін дамыту

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар сендер көкөністерді білесіңдер ме?

-Ия білеміз.

–Қандай көкөністерді білесіңдер?

- қияр, қызанақ, қауын, қарбыз, қызылша т.б.

–Жарайсыңдар балалар.

–Көкөністерді қай мезгілде егеміз?

–Көктем мезгілінде.

–Көкөністер қай мезгілде піседі?

–Күз мезгілінде .

–Дұрыс айтасыңдар.

–Көкөністер туралы тақпақ білесіңдер ме?

-ия білеміз. **Ербосын.** Теңбіл-теңбіл қарбызды,

Тентек Серік жарғызды.

Сонан соң оны жеді,

Жеді де былай деді,

Сүйек болмаса, еті.

Неткен тәтті деді.

**Нұрбақыт.** Сары алтындай әңгелек,

Қандай тәтті әңгелек.

Дәмі аузыңнан кетпейді,

Балың да оған жетпейді.

Бақшада көп әңгелек,

Добымыздай дөңгелек.

Жарайсыңдар балалар, сендер көптеген көкөністер туралы тақпақтар біледі екенсіңдер. Ендеше көкөністер жайлы ойын ойнайық.

«Көкөністер мен жемістер» ойын.

**Қорытынды:** Балалар көкөністер жайлы көптеген тақпақтар біледі. Көкөністер мен жемістерді ажырата білді.

**Мерзімі:** 14.10.2021

**Тақырыбы:** Көкөністер жұмбақтар

**Мақсаты:** Балаларды көкөністермен таныстыру. Көкөністердің пайдасы туралы түсінік беру. Көкөністер туралы жұмбақтарды жатқа айта білуге үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі:** :Балалар сендер көкөністерді білесіңдер ме?

-ия деді балалар.

–Көкөністер қайда өседі?

-бау-бақшада.

Көкөністерді қай мезгілде егеміз?

-Көктем мезгілінде егеміз.

–Көкөністер қай мезгілде піседі?

-Жаз,күз мезгілінде.

–Көкөністерді қай мезгілде жинап аламыз?

-Күз мезгілінде.

–Қыс бойы жинап терген көкөністерді сақтап жеп шығамыз.

–Балалар сендер көкөністер туралы жұмбақтар білесіңдер ме?

Раяна **1.**Қалың киім ұнатады,

Шешіндірсең жылатады.(пияз)

Дамеля **.2.**Жер бетінде шашы бар,

Жер астында басы бар.(сәбіз)

–Пияз,сәбіз неге жатады?

-көкөніске.

–Көкөністер не қажет етеді?

-су,күннің жылуын,арам шөптерден тазартып отыруымыз қажет.

–Қанекей кім мақал айта біледі?

**Ербосын:** Жазда не ексең-күзде соны орасың.

–Жарайсыңдар балалар.

Көкөністер жайлы енді ойын ойнап жіберейік.Ойын: «Кім не біледі?».

**Қорытынды:**Балалар көкөністер жайлы жұмбақ,мақал айта білді.

**Мерзімі:** 21.10.2021

**Тақырыбы:** «Қиярдың суретін боямақ»

**Мақсаты:** Балаларды қиярмен таныстыру. Табиғатты сүйеге қорғауға тәрбиелеу. Көкөністердің ішінде қиярды бейнелеуді қалыптастыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгілі.

-Күз мезгілінде неше ай бар?

-Үш ай бар.

-Қандай айлар атап беріндерші?

-Қыркүйек, қазан, қараша.

-Күз мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер?

-Шөптер қурап сарғайа бастайды, жапырақтар қурап, сарғайып жерге түседі, ағаштар ұйқыға кетеді, егіндегі астықтар жиналып қамба астыққа толады.

-Сендер қиярды білесіңдер ме?

-ия, білеміз.

-Қияр неге жатады?

-Көкөністерге.

-Қиярды қай мезгілде егеміз?

-Көктемде дәннен егеміз.

-Қай мезгілде піседі?

-жаз, күз мезгілінде.

-Қай мезгілде жинап аламыз?

-Күз мезгілде.

-Қиярдың түсі қандай болады?

-Жасыл.

-Дұрыс айтасыңдар балалар.

-Қияр қайда өседі?

-бақшада.

-Қиярға қандай қамқорлық жасаймыз?

-егеміз, арам шөптерден қорғаймыз., суғарамыз, түбін қопсытамыз.

-Ал ендеше балалар сендердің алдарыңда тұрған ақ параққа салынған қиярдың суретін бояймыз, сызықтан шығармай мұқият, ұқыпты етіп бояймыз.

Ойын: «Бұл қай кезде болады?».

**Қорытынды:** Балалар ақ параққа салынған қиярдың суретін мұқият бояйды

**Мерзімі: 28.10.2021**

**Тақырыбы:** «Асылбақ»(гүл санамақ)

**Мақсаты:** Балаларды гүлдердің санамақтарымен таныстыра отырып олардың пайдасы туралы жан-жақты мәлімет беру. Асылбақ гүлімен таныстыру.

### **Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар сендер гүлдерді білесіңдер ме?

-ия.

–Қандай гүлдерді білесіңдер?

-Бақбақ,раушан,бәйшешек,асылбақ жұпаргүл

–Жарайсыңдар балалар сендер гүлдердің көптеген түрлерін біледі екенсіңдер.

–Гүлдер неше түрге бөлінеді?

-дала және бөлме гүлдері болып екіге бөлінеді

–Дұрыс айтасыңдар бүгінгі біздің дала гүлдері жайлы әңгіме етеміз.

–Балалар Асылбақ гүлін сендер білесіңдер ме?

-ия,деді балалар

–Асылбақ гүлі қандай гүлдерге жатады?

-дала гүліне

–Гүлдің түсі қандай

–қызыл.

– Иісі бар ма,қандай иісі бар?

-Қош иісті

Балалар гүлдерді біз тағы қайда егеміз

–Аулаға.

–Ауладағы гүлдерді қай мезгілде егеміз?

-көктем

Көктем мезгілінде егін,оны суғарып,арам шөптерден арылтып отырамыз.

–Қай мезгілде қурайды?

-Күз мезгілінде

–Дұрыс айтасыңдар балалар

–Балалар сендер гүлдер туралы санамақ білесіңдер ме?

-ия

**Нұрбақыт.** Бір дегенім-бақбақ,

Үлпілдегі жақсы-ақ

Жол шетінде тұрса,

Кетпеңіздер таптап

**Ербосын** Бес дегенім-бәйшешек,

Бірінші гүлі көктемнің

Бәйшешекті оятар,

Баяулап түртіп,көктем күн

**Ерасыл** Алты дегенім-асылбақ,

Аулам менің жасыл мақ,

Баққа отырғыз,құр қалма,

Одан озар гүл бар ма?

Балалар енді барлығымыз бірге ойын ойнайық

**Дидактикалық ойын:** «Қиық суреттер». Тәрбиеші балаларға суреттегі гүлдің қиылған бөліктерін үлестіріп береді. Балалар үлгіге қарап гүлдің суретін құрастыруы тиіс

**Қорытынды:** Балалар гүлдер туралы көптеген санамақтар біледі

**Мерзімі: 04.11.2021**

**Тақырыбы:** Терек (теректің жапырағы)

**Мақсаты:** Балаларды терек ағашымен таныстыру. Терек ағашының бізге берер пайдасымен, оларды қалай күтіп баптау туралы түсінік беру.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-күз мезгілі.

-Күз мезгілінде неше ай бар?

-Қыркүйек, қазан, қараша.

-Бүгін аптаның нешінші күні?

-бесінші, жұма күні.

-Күз мезгілінің нешінші айы?

-үшінші қараша айы.

-Балалар сендер теректі білесіңдер ме?

-Ия.

-Терек ол не?

-ағаш.

-Біздің бақшаның ауласында терек ағашы бар ма?

-Бар.

-Жапырақтары бар ма?

-Жок.

-Неге жапырақтары жоқ?

-Өйткені жапырақтары күз мезгілінде сарғайып жерге түседі.

-Дұрыс айтасыңдар, балалар.

-Ал ендеше біз теректің жапырағын бояймыз. Ақ параққа салынған теректің жапырағы, соны бояймыз. Теректің жапырағының түсі қандай болады?

-Жасыл.

-Қазір қандай?

-сары.

-Ал балалар ендеше мұқият бояймыз сызықтан асырмай әдемі етіп бояймыз.

Ойын: «Ағаштар мен бұталар».

**Қорытынды:** Балалар ақ парақта салынған теректің жапырағының суретін бояйды

**Мерзімі:** 11.11.2021

**Тақырыбы:** Гүлдер(слайд көру)

**Мақсаты:**Балаларды гүлдермен таныстыру.Гүлдердің бізге берер пайдасы туралы түсінік беру.Адам үшін маңызы туралы мәлімет беру.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

- Балалар сендер гүлдерді білесіңдер ме?
- ия деді балалар.
- Балалар гүлдер неше топқа бөлінеді?
- Екі топқа бөлінеді.
- Дала гүлдері,бөлме гүлдері болып екі топқа бөлінеді.
- Дала гүлдеріне қандай гүлдер жатады.
- Раушан,бақбақ,райхан,қызғалдақ,қоңырау.
- Балалар барлығымыз бірге теледидарға қарайықшы гүлдер туралы слайд көреміз.
- Балалар қандай гүлдер көрдіңдер?
- Дала және бөлме гүлдерін көрдік.
- Түстері қандай екен?
- Әртүрлі болып келеді.
- Бақбақ гүлінің түсі қандай екен?
- Сары.
- Ол қай мезгілде шығады екен?
- Көктем мезгілінде.
- Раушан гүлі қай мезгілде шығады?
- Жаз мезгілінде ашылады.
- Қандай түстерін білесіңдер?
- Сары,қызыл,ақ,қызғылт,көк әртүрлі түрі бар.
- Қоңырау гүлінің түсі қандай екен?
- Дұрыс айтасыңдар балалар
- Біз гүлдерді не үшін пайдаланамыз?
- Апа,әпке, аналарымызға сыйлау үшін
- Гүл бізге не сыйлайды?
- Қуаныш шаттық сыйлайды
- Гүлдің иісі қандай?
- хош иісті,болады
- Ал ендеше кім гүлдер туралы тақпақ айтып береді.

**Дамеля:** Біз гүлдермен доспыз,

Текке оны жұлмаймыз

Той күні бір-бірлеп,

Анамызға сыйлаймыз.

Жарайсыңдар,балалар

**Қорытынды:**Балалар гүлдер туралы слайд көріп,гүлдердің атауын атай білді.



**Мерзімі:** 18.11.2021

**Тақырыбы:** «Қызғалдақ» ертегісі

**Мақсаты:** Балаларды «қызғалдақ» ертегісімен таныстыру. Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту, есте сақтауға үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар сендер қызғалдақ гүлін білесіңдер ме?

-Ия білеміз.

-Қызғалдақ гүлі қай мезгілде шығады?

-Көктем мезгілінде.

-Қызғалдақ гүлінің түсі қандай болады?

-Қызыл, сары түсті болады.

-Балалар мен сендерге «қызғалдақ» ертегісін оқып беремін мұқият тыңдаймыз.

-Еңбекқор әиелдің аты кім екен?

-Мәри.

-Ғажайып бағында қандай гүлдер түрі бар екен?

-Ақ, қызыл, сары, көк табиғатта кездеспейтін қоңыр, жасыл, қара, күміс, алтын, түсті гүлдер де бар.

-Мәри қалай өсіреді екен?

-Жүрегі таза, мейірімді гүлдеріне үлкен сүйіспеншілікпен қарайды.

-Соңында Мәри көшіп кеткеннен кейін не істейді, көршілері қызғалдақты барлығы бөліп алып үйлеріне апарып қондырып қояды.

-Гүл періштелері осыдан кейін сыйлаған ғажайып хош иісі жоғалып кетіпті. Сөйтіп бұрынғы иісін қайтара алмапты.

**Қорытынды:** Балалар ертегіні мұқият тыңдап қайта түсінігін айта білді.

**Мерзімі:** 25.11.2021

**Тақырыбы:** Ақ саңырау құлақ

**Мақсаты:** Балаларды саңырауқұлақтармен таныстыру. Саңырауқұлақтың пайдасы мен зиянын ажырата білуге үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар сендер саңырауқұлақты білесіңдер ме?

-Ия білеміз.

–Саңырауқұлақтар қай мезгілде шығады?

-Көктем мезгілінде шыға бастайды.Көктем мезгілінде күн күркірегенде әсіресе көп шығады.

–Саңырауқұлақтың барлығын жеуге бола ма?

-Жоқ.

–Саңырауқұлақтар улы және усыз болып бөлінеді.

–Бір саңырауқұлақтардың улысын жеуге болмайды.Саңырауқұлақтарды бір қайнатып тастап жеуге болады. —

Саңырауқұлақтардың пайдасы бар ма?

-Ия бар.

–Саңырауқұлақтарды қалай пайдаланамыз?

-Суға қайнатып тастап, қуырып жейміз.

–Тек қана көктем мезгілінде ғана шығады.

–Саңырауқұлақтар қайда шығады?

-Саңырауқұлақтар қырда, орманда, жерлерде шығады.

Дидактикалық ойын: «Табиғаттың кереметі». Үлестірмелі материалды таңдап алып, солардың атынан сөйлеп, олардың не істей алатыны жөнінде сөйлейді.

–Күн не береді?(жылу, жарық, күн энергиясын береді).

–Жел не істейді?(соғады, бұлттар көшеді).

**Қорытынды:** Балалар саңырауқұлақтың улы және усыз болатынын біледі. Улысын жеуге болмайды.

**Мерзімі:** 02.12.2021

**Тақырыбы:** «Құлпынай»(суретін салу).

**Мақсаты:**Балаларды құлпынаймен таныстыру.Құлпынайдың суретін мұқият сызықтан шығармай бояуды үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар сендер құлпынайды білесіңдер ме?

-Ия білеміз.

–Құлпынайдың түсі қандай болады.

–Қызыл.

–Құлпынай неге жатады?

-Жидекке.

–Құлпынай қай мезгілде піседі?

-Жаз мезгілінде.

–Құлпынайдан не жасаймыз?

-Тосап жасаймыз.

–Құлпынайдың бізге пайдасы бар ма?

-Тосаптың пайдасы көп,тұмау болғанда шаиға салып ішеміз.

–Құлпынай туралы тақпақ білесіңдер ме?

-Ия білеміз.

**Ербосын :** Ормандағы аюдың ,

Құлпынайы көп екен.

Теріп-теріп алайық,

Қалтамызға салайық.

–Жарайсыңдар ,балалар. Енді мұқият алдарыңда ақ параққа салынған құлпынайдың суреті бар.Сызықтан шығармай мұқият бояймыз.Құлпынайдың түсі қандай болады?

-Қызыл.

–Ендеше құлпынайды қызыл түсті бояумен бояймыз.

**Қорытынды:** Балалар құлпынаймен таныс екенін білдіреді.

Құлпынайдың пайдасы мол екенін біледі.

**Мерзімі:** 09.12.2021

**Тақырыбы:** «Жиде» (ағаштармен таныстыру).

**Мақсаты:** Балаларды жиде ағаш түрлерімен таныстыру. Жиде ағашының бізге берер пайдасы туралы, олардың қалай өсіп-өнуі жайлы түсінік беру.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Қыс мезгілі.

-Қыс мезгілінде қандай айырмашылықтар бар?

-Қар жауады, күн суық, аязды болады, мұз қатады.

-Қыс мезгілінде жиде бола ма?

-Жоқ.

-Көктем мезгілінде бүршік атып гүлдейді.

-Жаз мезгілінде, күз мезгілінде піседі.

-Жиденің пішіні қандай болады?

-Кішкене сопақша, домалақ болады. Үлкен жиделер де болады.

-Күз мезгілінде піседі, піскен соң жинап алу керек.

-Жиденің бізге пайдасы бар ма?

-Бар көп пайдасы. Іш ауырғандарға, іші қатып қалғандарға ем ретінде береді.

Жидені көшет қылып егеміз, содан соң дәу жиде болып өседі, жиде гүлдеп, жиде салады. Жиде де жемістер сияқты көктемде гүлдеп, күз мезгілінде піседі. Қыста демалады.

**Қорытынды:** Жиденің бізге пайдасы мол екенін біледі.

**Мерзімі:** 23.12.2021

**Тақырыбы:** «Қалақай неге күйдіреді?».

**Мақсаты:** Балаларды қалақай жидегімен таныстыру. Қалақайдың қасиеттерімен пайдасы туралы мәлімет беру. Әңгіменің желісімен таныстыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:** Қалақай ертеде тоқыма өсімдігі болған. Қалақайдың шаққаны пайдалы, оның клеткалары ағзаға өте пайдалы құмырсқа қышқылынан тұрады. Қалақайды жеуге болады, көптеген дәрумендер мен минералды тұздарға бай. Оның жапырақтарынан жасыл түсті тағамдық бояу суға салып алу қажет. Оның жапырақтарынан жасыл түсті тағамдық бояу жасайды. Ал халық медицинасында ішкі қанды тоқтату үшін пайдаланады.

–Қалақайды білесіңдер ме?

-Ия деді, балалар.

«Қалақай неге күйдіреді?» әңгімесін тәрбиеші оқып желісі бойынша түсінігін талқылайды.

–Зере жылда қайда барады?

-Атасының аулына демалысқа барады.

–Атасы оған не туралы әңгіме айтып береді.

–Зере бақшаға атасынан бұрынырақ кіріп не істейді.

–Бақшаға кірген бойда қолымен ұстап көрмек болып еді, қолын бірдеңе шағып алғандай ду ете қалды. Қатты ашығаны сонша көздерінен жас атып шықты. Оның күйдіретінін білмеуші мең? деді.

–Зере жыламсырап-тікенектері жоқ, жанатын оты жоқ, ол қалай күйдіреді? Тікенектері бар, ол өте ұсақ, көзге әрең көрінеді. Қалақайдың тұла бойы түкті болып келеді. Қалақай күйдірмегендігі болмаса да дәмді де пайдалы өсімдік.

**Қорытынды:** Балалар қалақайдың күйген жерін дуылдатып, ашытатын көп жылдық өсімдік екенін біледі.

Мерзімі: 30.12.2021

**Тақырыбы:** «Шалқан»ертегісін сахналау.

**Мақсаты:**Балаларды «Шалқан»ертегісімен таныстыру.Ертегінің мәтінін бұзбай әңгімелеуді үйрету.Рольге ене білуге кейіпкердің сөздерін жатқа айтуға үйрету.Үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

Жылулық лебізі шеңбер болып тұрады.Бір-біріне бұрылып ,әдемі сөздер айтады.Балалар бүгін мен сендерге Шалқан ертегісінің мәтінін оқып беремін мұқият тыңдап сахналаймыз.

–Атай не егеді?

-Шалқан.

–Шалқанды алғаш кім тартады?

-Атай.

–Атай кімді көмекке шақырады?

-Әжейді.

–Атай мен әжей тарта ала ма?

-Жоқ.

–Көмекке кімді шақырады?

-Немере қызын.

–Қызынан кейін итті,одан кейін мысығын шақырады,соңында тарта алмаған соң кімді көмекке шақырады?

-Тышқанды.

–Тышқанды көмекке шақырған соң не істейді?

-Бәрі жабылып Шалқанды тартып алады.

–Ал енді балалар сендерде үйлеріңде аталарыңа,апаларыңа көмектесесіңдер ме?

-Ия,деді балалар.

–Дұрыс айтасындар балалар үлкендерге, кішілерге көмек беруіміз керек.

–Жарайсындар, балалар.

**Қорытынды:**Балалар үлкенге құрмет,кішіге ізет деген,үлкендерге көмек беру керек екенін біледі.

**Мерзімі:** 06 .01.2022

**Тақырыбы:** «Бөртегүл»(гүлдерімен таныстыру).

**Мақсаты:**Балаларды Бөртегүл гүлдерімен таныстыру.Бөртегүлдің ерекшеліктерімен,оның пайдасымен таныстыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар Бөртегүлді көргендерің бар ма?

-Ия деді балалар.

–Бөртегүл қай мезгілде гүлдейді?

-Көктем мезгілінде гүлдейді.

–Бөртегүл өзіне қоректі заттарды, олар тамыры,сабағы,жапырағы, арқылы алады.

–Бөртегүл ашық күнді сүйеді,көлеңкелі жерде де ұзақ гүлдейді,жақсы өседі.

–Бөртегүл өсу үшін не қажет?

-Қоректік заттарды тамыры сабағы,жапырағы арқылы алады.

–Көктем мезгілінде гүлдейді.Гүлдеп болған соң қураған гүлшоғырларын уақыт өткізбей кесіп тастау керек.Себебі гүлдеген бұталары келесі жылы жарамайды.Гүлдеп біткен соң гүлсабағымен қатар әлсіз бұталарын да түбінен кесіп алып тастау керек.Мамыр,маусым айларында топырағын құрғатып жібермей суғарып отырса,гүлді мол береді.Бөртегүл жыл сайын тамырынан бірнеше өскін шығарады.Бөртегүл хош иісті өсімдік қана емес,сонымен қатар оның бүршігінде,гүлінде және дінінің қабығында дәрілік қасиеттері бар.Бөртегүлден жасалған дәрілерді қызуды түсіруге,терлетуге пайдаланады.

**Қорытынды:**Балалар Бөртегүлдің пайдасы мол екенін біледі.Бөртегүлге күтім көп қажет етеді.

**Мерзімі:** 13.01.2022

**Тақырыбы:** «Жемістер»

**Мақсаты:** Жемістер туралы білімдерін кеңейту. Жемістерді атау, оларды өсіруге және күтім жасауға үйрету. Жемістер жырын жатқа айтуға үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар сендер жемістерді білесіңдер ме?

-Ия білеміз.

–Жемістерді қай мезгілде егеміз?

-Көктем мезгілінде егеміз.

–Жаз мезгілінде күтіп баптап, күз мезгілінде жинап аламыз.

–Жемістерді қалай егеміз?

-Тамыр шығарып, көшет қылып отырғызамыз.

–Ал енді оны қалай отырғызамыз?

-Күрекпен қазып көшетті қойып түбіне су құйып отырғызамыз.

–Отырғызған көшетіміз жақсы күтім жасап баптасақ үш жылда өнім береді.

–Қандай жеміс түрлерін білесіңдер?

-Алма, шие, алмұрт, өрік, жүзім т.б.

–Кім жемістер туралы такпақтар біледі?

**Каусар:** Мен алмамын, алмамын,

Таңдай жұлар бар дәмін.

**Раяна** Мен өрікпін, өрікпін,

Табиғатқа көрікпін.

**Нұрасыл.** Мен шиемін, шиемін,

Күннің көзін сүйемін.

Қышқыл шырын менде бар,

Төмен басты иемін.

**Дамеля** Мен алмұртпын, алмұртпын,

Аузындамын бар жұрттың.

**Ерасыл** Мен жүзіммін, жүзіммін,

Моншақ болып тізілдім.

–Міне балалар жемістер жырын жатқа айталамыз ба?

-Ия айталамыз.

–Жарайсыңдар, балалар.

**Қорытынды:** Балалар жемістер жырын жатқа айта біледі.



**Мерзімі:** 20.01.2022

**Тақырыбы:** Алма. (мүсіндеу)

**Мақсаты:** Балаларды алмамен таныстыру. Жемістердің пайдасымен оларды күтіп баптау керек екенін түсіндіру. Ермексазбен домалақтау, жалпақтау арқылы алманы мүсіндеуді үйрету.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар сендер алманы білесіңдер ме?

-Қане балалар қандай жемістерді білесіңдер?

-Шие, алма, алмұрт, жүзім, өрік. т.б.

-Алма жемістерге жатады ма?

-Ия.

-Алманың бізге пайдасы бар ма?

-Алмада көптеген витаминдер болады.

-Алманың түсі қандай болады?

-Қызыл, сары, жасыл. т.б.

-Пішіні қандай?

-Дөңгелек, сопақша.

-Алма қалай пайда болады?

-Ерте көктемде көшетін егеміз, оны күтіп баптаймыз. 2-3 жылдан кейін алма өнімін салады. Әр жылы оның керек емес шақтарын, өнім салмайтын шақтарын бағбандар қырқып тұрады. Оны суғарамыз, түбін қопсытамыз, жеміс ағашының төмен жағын әктейміз, құрт-құмырсқаға қарсы дәрілер шашамыз.

-Алмалар қай мезгілде піседі? -

Жаз, күз мезгілінде. Дұрыс айтасыңдар балалар. Жаздық алма, жаз мезгілінде, күздік алма, күз мезгілінде піседі. Ал балалар алдарыңда тұрған кішкене тақтайша мен ермексаз тұр. Ендеше ермексазды алып алақанымызға салып домалақтау арқылы алманы, есу арқылы оның сабағымен жапырағын мүсіндейміз.

**Қорытынды:** Балалар ермексазбен алманы мүсіндеді.

**Мерзімі:** 27.01.2022

**Тақырыбы.**Бақшаны баптаймын.Өлеңін жаттау.

**Мақсаты:**Балаларды «бақшаны баптаймын»өлеңімен таныстыру.Өлеңнің мазмұнын түсіндіріп,жатқа айта білуге үйрету.Бақшаны баптау туралы ойларын толықтыру.

**Ұйымдастыру кезеңі :**

-Балалар «Бақшаны баптаймын» өлеңімен таныстыру.

–Өлеңде не туралы айтылған?

-Жемістер,бау-бақша,құстар,су,бақша құралы,ағаштар,арам шөптер туралы айтылған.

–Жарайсыңдар балалар.

–Балалар өлеңді мен айтамын сендер қайталап айтып отырасыңдар.

–Бақшада нелер өседі?

-Жемістер,көкөністер өседі.

–Жемістер қайда өседі?

-Бауда.

–Бақшада не өседі?

-Көкөністер.

–Ендеше балалар қандай көкөністерді білесіңдер?

-Қияр,қызанақ,горох, шалқан.Көптеген көкөністер бар.

–Көкөністердің бізге пайдасы бар ма?

-Көптеген пайдасы бар.

Көкөністерде көптеген витаминдер бар,олар адам ағзасына пайдасы мол.

–Көкөністерді,жемістерді жинап,жер алдында жеу керек.

–Өйткені олардың сырты шаң,тозаң болады.

**Қорытынды:**Балалар көкөністерді,жемістерді жуып жеу керек екенін біледі.Өлеңді мәнерлеп жатқа айта білді.

**Мерзімі:** 03.02.2022

**Тақырыбы:** «Мен Раушан гүлмін».

**Мақсаты:** Балаларды Раушан гүлімен таныстыру. Раушан гүлдерінің күтіп баптау, бізге берер пайдасы туралы түсінік беру.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар сендер гүлдердің түрлерін білесіңдер ме?

-Ия білеміз.

–Гүлдердің қандай түрлерін білесіңдер?

-Раушан, Райхан, Қоңырау т.б

-Гүлдерді қай мезгілде егеміз?

-Көктем мезгілінде егеміз.

–Қай мезгілде жинап аламыз?

-Күз мезгілінде.

–Гүлдерді қалай күтіп, баптаймыз?

-Су құямыз, арам шөптерден тазартамыз.

–Гүлдерді не үшін өсіреміз?

-Бір-бірімізге сыйлау үшін.

–Бір-бірімізге қай кезде сыйлаймыз?

-Қуаныш мерекелерде сыйлаймыз.

–Дұрыс айтасыңдар балалар.

–Біз осы Райхан гүлімен биін билеуді ұнатасыңдар ма?

-Сендер тағы қандай гүлдермен биледіңдер?

-Ромашка, семешка, т.б.

–Ендеше біз Раушан гүлінің биін билейміз.

–Қыздар билегенде бір-бірімізден озбай, бір-бірімізге кедергі жасамай, арақашықтық сақтап билеуді үйретеміз.

–Қолымызды гүлдер қалай ашылады соның қимылын көрсетеміз.

–Гүлдердің күлтелері күн шыққанда ашылып, күн бұлттанғанда жабылады.

–Гүлге су құйсақ жайқалып өсе түседі. Су құймасаң қурай бастайды.

–Міне балалар біз осы Раушан гүлін бақылап соған қарап барып би шығарамыз.

–Раушан гүлінің түстері қандай болады?

-Қызыл, сары, ақшыл қызыл, көгілдір, т.б.

–Гүлге қарап үстімізге киім киеміз. Осылай би туындайды. Жарайсыңдар, балалар.

**Қорытынды:** Балалар гүлді бақылап, соның қимылына қарап билейді.

**Мерзімі: 10.02.2022**

**Тақырыбы:**Көктем келді гүл алып.

**Мақсаты:**Балаларды көктем мезгілімен таныстыра отырып,көктем мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем.

-Дұрыс айтасыңдар балалар.

-Көктем мезгілінде неше ай бар?

-Үш ай бар.

-атап айтайықшы.

-Наурыз,сәуір,мамыр.

-Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады?

-Көктем мезгілінде күн жылына бастайды,ағаштар бүршік ата бастайды,құстар жылы жақтан ұшып келе бастайды,жауын шашын көп болады.

-Балалар мен сендерге «Көктем келді гүл алып»өлеңін оқып беремін.

-Балалар өлең не туралы айтылған?

-Көктем туралы айтылған.

-Көктем мезгілінде алғаш қандай гүлдер шығады?

-Бәйшешек,бақ-бақ,қызғалдақ гүлдері т.б.

-Бәйшешек гүлінің түсі қандай?

-Көгілдір.

-Бақ-бақ гүлінің түсі қандай?

-Сары.

-Қызғалдақ гүлінің түсі қандай?

-Қызыл.

-Гүлдер бізге не сыйлайды?

-қуаныш.

-Гүлдерді біз кімдерге сыйлаймыз?

-Аналарымызға,апаларымызға сыйлаймыз.

**Қорытынды:**Балалар өлеңді жатқа айта біледі.Гүлдерді қуанышқа сыйлайтынымызды біледі.

**Мерзімі:** 17.02.2022

**Тақырыбы:** Бәйшешек. (гүлмен таныстыру).

**Мақсаты:** Балаларды бәйшешек гүлімен таныстыру. Бәйшешек гүлдерінің қайда өсетіндері жайында, қай мезгілде өсетіні жайында таныстыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

- Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

- Көктем мезгілі.

- Көктем мезгілінде неше ай бар?

- Үш ай бар.

- Атап өтейікші.

- Наурыз, сәуір, мамыр айлары.

- Көктем мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?

- Құстар жылы жаққа ұшып келе бастайды; ағаштар бүршік атып, шөптер шыға бастайды, атап айтсақ.

- Бәйшешек, бақ-бақ гүлі.

- Бәйшешек гүлінің түсі қандай болады?

- Көгілдір.

- Бақ-бақ гүлінің түсі қандай болады?

- Сары түс болады.

- Бақ-бақ гүлі кез-келген жерде өсе береді.

- Бәйшешек гүлі қырларда, ашық алаңқайда адам баспайтын жерлерде шығады.

- Бәйшешек гүлі көктем мезгілінде шыға бастайды.

- Көктем мезгілінің алғашқы айларында көп шығады. Бәйшешек гүлі ерекше көгілдір кішкене нәзік болып келеді.

- Бәйшешек тек көктем мезгілінде ғана шығады, басқа мезгілде шықпайды.

**Қорытынды:** Балалар бәйшешек гүлінің көктем мезгілінде ғана шығатыны білді.

**Мерзімі:** 24.02.2022

**Тақырыбы:** «Көктемгі табиғатты бақылау».

**Мақсаты:** Балаларды көктемнің табиғатымен таныстыру. Табиғаттың ерекшеліктерімен таныстыру. Табиғатқа деген қамқорлығын, сүйіспеншілігін ояту.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілі.

–Көктем мезгілінде неше ай бар?

-Үш ай бар.

–Дұрыс айтасындар балалар.

–Көктем мезгілінің қандай ерекшеліктерін білесіңдер?

-Жерде көк шөптер өседі, бақ-бақ гүлдері өседі, ағаштар бүршік атады, күн жылына бастайды, адамдар жер жыртып егін еге бастайды.

–Дұрыс айтасындар балалар.

–Үйде біз не егеміз?

-Бау-бақшаға жемістер, көкөністер егеміз. Оны күтіп баптай отырып жазда, күзде олардан егін аламыз.

–Көкөністер мен жемістердің бізге берер пайдасы бар ма?

-Көп пайдасы бар, бізге көптеген витаминдер береді.

–Ағаштар бүршік атып жапырақ жая бастайды. Ағаштардың бізге пайдасы бар ма?

-Ия бізге күн ыстықта пана болады, сая болады пайдасы мол.

–Бізге ағаштарды сындырмауымыз керек, құстарды атпауымыз керек, оларды аялап қамқор болу. Өйткені олар құстар, ағаштарды құрт құмырсқадан сақтайды. Біз табиғатқа қамқор болып сақтауымыз керек екен олардың бізге пайдасы бар ма екен?

-Ия пайдасы мол екен.

**Қорытынды:** Балалар табиғатқа қамқор болуға, олар бізге пайдасы мол екенін түсінді.

**Мерзімі: 03.03.2022**

**Тақырыбы:** «Қызғалдақ гүлі»(жаттау).

**Мақсаты:**Балаларды қызғалдақ гүлімен таныстыру.Көктемгі алғашқы гүлдермен оның ішінде қызғалдақ гүлінің ерекшелігімен таныстыру.

**Ұйымдастыру кезеңі :**

-Балалар сендер көктемгі алғаш шығатын гүлдерді білесіңдер ме?

-Бәйшешек,бақ-бақ,қызғалдақ гүлдері.

-Дұрыс айтасыңдар балалар.

-Қызғалдақ көктемде алғаш шығатын гүлдердің бірі.

-Қызғалдақ гүлінің түсі қандай болады?

-Қызыл,сары.

-Бақ-бақ гүлінің түсі қандай болады?

-Сары.

-Гүлдерді біз кімдерге сыйлаймыз?

-Апа,аналарымызға.

-Не үшін сыйлаймыз?

-Мерекелерде,қуанышқа сыйлаймыз.

-Балалар қызғалдақ гүлі көктемде шығып,көктем мезгілінде қурап жоқ болып кетеді.

-Сендер қызғалдақ гүлі туралы тақпақ жаттағыларың келе ма? Олай болса балалар мен сендерге қызғалдақ өлеңін оқып беремін, мұқият тыңдаймыз.

-Балалар қызғалдақ өлеңі не туралы екен.

-Қызғалдақ гүлінің әсемдігі ерекшелігі жайында жазылған.

-Қызғалдақ гүлі өзге гүлдерден айырмашылығы бақ-бақ,бәйшешек гүлі көктемде шығып, көктем мезгілінде жоқ болып кетеді.

**Қорытынды:**Балалар қызғалдақ гүлінің ерекшелігімен таныстыру.Өлеңді мұқият тыңдап, жатқа айта білді.

**Мерзімі : 10.03.2022**

**Тақырыбы:**Жемістер туралы тақпақтар жаттау.

**Мақсаты:**Балаларға жемістер туралы түсінік беру.Сөздік қорын,сөйлеу қабілетін есте сақтау қабілеттерін жақсарту.

**Сабақ барысы:**Балалар сендер жемістерді білесіңдер ме?

-Ия білеміз.

–Қандай жемістерді білесіңдер, атайықшы?

-Алма,алмұрт,шие, жүзім,өрік т.б.

–Дұрыс айтасыңдар балалар.

–Ағаштар қай мезгілде бүршік атып жапырақ жайа бастайды.

–Қазір ағаштарда жапырақ ар ма?

-Жоқ.

–Неге.

–Өйткені қазір жылдың қыс мезгілі.

–Қыста ағаштар не істейді?

-Демалады.

–Келесі –ай көктем мезгілі,көктем мезгілінде ағаштар бүршік атып ұйқыдан ояна бастайды.Ағаштар бүршік атып жапырақ жайа бастайды.

–Жемістер қай мезгілде піседі?

-Күз мезгілінде

-Балалар жемістердің бізге пайдасы бар ма?

-Пайдасы бар.

–Жемістерде көптеген витаминдер бар.Витаминдердің бізге пайдасы көп болады.

–Балалар сендер жемістер туралы тақпақтар білесіңдер ме?

-Ия білеміз.

–Қане есімізге түсірейікші.

–Балалар жемістер туралы тақпақтар айтады.

**Жанерке :**Мен шиемін,шиемін,

Күннің көзін сүйемін.

Қышқыл шырын менде бар,

Төмен басты иемін.



Жарайсыңдар балалар сендер жемістер туралы тақпақтарды жатқа айта біледі екенсіңдер.

**Қорытынды:** Балалар жемістер туралы тақпақты жатқа айта біледі.

**Мерзімі:** 17.03.2022

**Тақырыбы:** «Ағаштар» туралы мақал-мәтелдер.

**Мақсаты:** Балаларды ағаштармен таныстыру. Ағаштардың бізге пайдасы туралы, ағаштар туралы қандай мақал-мәтелдер білетінін таныстыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар біз ағаштарды білеміз.

–Ағаштардың бізге пайдасы бар ма?

-Пайдасы мол, бізге жазда көлеңке беріп, ауаны тазартып тұрады.

–Ағаштарды қалай көбейтеміз?

-Көшет қылып егеміз.

–Балалар қараңдаршы біздің аулада ағаштар бар ма?

-Ия көп.

–Қандай ағаштарды көріп тұрсыңдар?

-Терек, шырша, т.б.

–Балалар сендер ағаштар туралы мақал-мәтелдер білесіңдер ма?

-Ия.

–Қане олай болса кім айтады. Ағаштар туралы мақал-мәтелдер.

**Нұрасыл:** Бір тал кессең,

Он тал ек.

**Ерасыл:** Ағаш көркі жапырақ.

**Жанерке:** Атаңнан мал қалғанша, тал қалсын.

Жарайсыңдар, балалар сендер көптеген мақал-мәтелдер біледі екенсіңдер. Ағаштардың көптеген пайдасы бар екен.

**Қорытынды:** Балалар ағаштар туралы мақалдарды жатқа айта білді.

**Мерзімі: 24.03..2021ж**

**Тақырыбы: «Көкөністер дауы» саусақ театры.**

**Мақсаты:** Балаларды ертегіні тыңдай білуге , көкөністер жеміс туралы жалпы түсінік білдіретін сөздерді енгізу.

**Көрнекілігі:** Көкөністер атрибуты

**Сабақ барысы:** Балалар қазір жылдың қай мезгілі?Күз

Күз мезгілінде қандай жемістер піседі?Алма, алмұрт

Қандай көкөністер піседі?Сәбіз,Картоп.

-Дұрыс балалар күз мезгілінде барлық көкөністер піседі..

**Ұйымдастыру кезеңі:** Бүгін мен сендерге «Көкөністер дауы» деген ертегіні саусақ театры арқылы айтып беремін.

Балалар сендерге ертегіні ұнадыма? -ия

-Ертегі не туралы айтылған? - Көкөністер туралы

-Жанерке саған қандай көкөніс ұнады?-Қызанақ

-Не үшін?

-балалар бүгін біз қияр туралы тақпақ жаттаймыз.

Дәмі тілді үйірген

Мен тұздалған күйімде

Жаңа піскен кезімде

Жейді бәрі сүйсіне.

Дидактикалық ойын «Дәміне қарай ажырат»

**Қорытынды:**Көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы айтып беру.Балалар көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы біледі.Көкөністерге қандай күтім жасау керектігін түсініп орындайды.

**Мерзімі: 30.03..2021ж**

**Тақырыбы:** «Көкөністер дауы» саусақ театры. (қайталау)

**Мақсаты:** Балаларды ертегіні тыңдай білуге , көкөністер жеміс туралы жалпы түсінік білдіретін сөздерді енгізу.

**Көрнекілігі:** Көкөністер атрибуты

**Сабақ барысы:** Балалар қазір жылдың қай мезгілі?Күз

Күз мезгілінде қандай жемістер піседі?Алма, алмұрт

Қандай көкөністер піседі?Сәбіз,Картоп.

-Дұрыс балалар күз мезгілінде барлық көкөністер піседі..

**Ұйымдастыру кезеңі:** Бүгін мен сендерге «Көкөністер дауы» деген ертегіні саусақ театры арқылы айтып беремін.

Балалар сендерге ертегіні ұнадыма? -ия

-Ертегі не туралы айтылған? - Көкөністер туралы

-Жанерке саған қандай көкөніс ұнады?-Қызанақ

-Не үшін?

-балалар бүгін біз қияр туралы тақпақ жаттаймыз.

Дәмі тілді үйірген

Мен тұздалған күйімде

Жаңа піскен кезімде

Жейді бәрі сүйсіне.

Дидактикалық ойын «Дәміне қарай ажырат»

**Қорытынды:**Көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы айтып беру.Балалар көкөністердің адам ағзасына пайдасы туралы біледі.Көкөністерге қандай күтім жасау керектігін түсініп орындайды.

**Мерзімі:** 07.04.2022

**Тақырыбы:** «Қызғалдақ»

**Мақсаты:** Балаларды қызғалдақ ертегісімен таныстыру. Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту, есте сақтау қабілетін арттыру.

**Ұйымдастыру кезеңі:**

-Балалар сендер қызғалдақ гүлін білесіңдер ме?

-Ия білеміз.

–Қызғалдақ гүлі қай мезгілде шығады?

-Көктем мезгілінде.

–Қызғалдақ гүлінің түсі қандай болады?

-Қызыл,сары түсті болады.

–Балалар мен сендерге «қызғалдақ»ертегісін оқып беремін мұқият тыңдаймыз.

–Еңбекқор әиелдің аты кім екен?

-Мәри.

–Ғажайып бағында қандай гүлдер түрі бар екен?

-Ақ,қызыл,сары,көк табиғатта кездеспейтін қоңыр,жасыл,қара,күміс,алтын,түсті гүлдер де бар.

–Мәри қалай өсіреді екен?

-Жүрегі таза, мейірімді гүлдеріне үлкен сүйіспеншілікпен қарайды.

–Соңында Мәри көшіп кеткеннен кейін не істейді,көршілері қызғалдақты барлығы бөліп алып үйлеріне апарып қондырып қояды.

–Гүл періштелері осыдан кейін сыйлаған ғажайып хош иісі жоғалып кетіпті.Сөйтіп бұрынғы иісін қайтара алмапты.

**Қорытынды:**Балалар ертегіні мұқият тыңдап қайта түсінігін айта білді.

**Мерзімі:** 14.04.2022

**Тақырыбы:** «Көкөністер мен жемістер»

**Мақсаты:** Жемістер мен көкөністер түсінік беру. Оларды ажырата білуге үйрету. Ойын, есте сақтау қабілетін, дүние танымын дамыту. Балалардың жеміс ағаштарын қорғап, оларға қамқор болуына ықпал ету үшін тәрбиелік әңгімелер жүргізу.

Ұйымдастыру кезеңі.

Қазір жылдың қай мезгілі?

Суретке қарап көктемде қандай өзгерістер болады екен?

Жапырақтар сарғайды, күн суыта бастайды.

Жиі жиі не жауады?

Көктем туралы кім тақпақ айтып береді.

Жаңбыр.

Мен сендерге жұмбақ жасырамын. Жұмбақтың шешуі бүгінгі іс әрекетіміздің тақырыбы болмақ. Дайынсыңдар ма?

Бұтақта ілініп тұрамын,

Піскенде себетке құладым. \жеміс\

Үлкендігі алмадай,

Сырты жанған қызыл от.

Ішін ашып қарасаң,

Майда майда қызыл шок. \анар\

Үстіне тігіп көк шатыр,

Астында қызыл дәу жатыр. \қызылша\

Қалың киім ұнатады,

Шешіндірсең жылатады. \пияз\

Сонымен, балалар бүгінгі оқу іс әрекетіміздің тақырыбы жемістер мен көкөністер жайлы әңгімелейміз.

Жемістер бақшада яғни ағашта, ал көкөністер бақта өседі. Жемістер мен көкөністерді қарайтын адамды бағбан дейміз.

Жемістерге: алма, алмұрт, жүзім, шабдалы, өрік, шие.

Көкөністерге: картоп, қызылша, пияз, сәбіз, қияр, қызанақ т. б. жатады.

Жемістер мен көкөністердің құрамында көптеген дәрумендер бар.

Көкөністерді тұқым себу арқылы өсіреміз көктем айында. Күз айында жинап аламыз.

Алманы көп жесеңдер түрлі ауруларға қарсы тұруға көмектеседі. Қараңғыда көруді жақсартады, шаштың, тырнақтың өсуіне әсер етеді. Ол жетіспегенде тері құрғап, жарылып, түсі күңгірттенеді.

Лимонды кесіп алып, шайға салып, ішіп жүрсе, қан жүрісі реттеледі, қан қысымының көтерілуі бәсеңдейді. Лимонмен шай ішкен адамның жүйкесі бірқалыпты болады.

Банан қан мөлшерінің бір қалыпты болуы мен қан қысымының өзгермеуіне ықпал етеді.

Сүйек, тырнақ, шаш өсіміне оң әсерін тигізеді.  
Жемістерден тосап және компот қайнатады.  
Көкөністерді тағам ретінде салаттар жасаймыз.  
Ал көкөністердің пайдасы мысалы;  
Қызанақ ол біріншіден, тағам ретінде өте пайдалы. Екіншіден, қызанақта С дәрумені өте көп. Үшіншіден, жас қызанақ пен томат шырынының шипалық қасиеті жақсы. Асқазан жарасы бар адамдар жас томат шырынын ішуге тиіс. Томат шырыны ағзадағы тастарды да ерітеді. Қызанақ бауыр ауыратындар үшін де өте пайдалы. Бақшада өсіп тұрған жемісті сабағынан үзіп алып, жумаған күйде жеудің өзі зиянды. Адамның іш ауруын да, басқа да сырқаттарды туғызатын микробтарды көреміз.  
Жалпы жемістер мен көкөністер біріншіден дәрумен берсе, екіншіден тағам ретінде, ал үшіншіден дастарханға сән ретінде қоя аламыз.  
Көкөністер. Сәбіздің құрамында дәрумендер көп. Көп жесендер бойларың өседі.  
Балалар енді «Сиқырлы қапшық деген ойын ойнайық.  
Шарты: Қолына алады, пішінін, дәмін, түсін, қолдануын айтады.  
Көкөністер мен жемістер туралы тақпақтарын айту.  
Жемістер бізге мол өнім беру үшін, біз олардың топырағын қопсытуымыз керек, арам шөбін жұлу және суғару керек. Жер ана мейірімді, өйткені көкөністерді өсіреді, күн де мейірімді шуығын төгеді. Көкөністер жылу сүйгіш, суыққа төзімді болып бөлінеді.  
Шикідей жейтін көкөністерді атайықшы; қызанақ, қызылша, сәбіз, баклажан, картоп.  
Тағы да ойынға кезек берейік. «Салат» Қимылды ойын.  
Жарайсындар балалар салаттарымыз өз жұптарың тапты.

**Қорытынды:** Бүгінгі іс әрекетімізді қорыта келе жемістер мен көкөністерді бөлек алып қоюмыз керек.

Сонымен бүгін біз не туралы өттік?

Жемістер мен көкөністер туралы.

Олардың бізге пайдасы бар ма?

Дұрыс айтасындар.

Алманы жеміске ме, әлде көкөніске жатқызамыз ба?

Қауынды ше?

Құрамында не бар екен. \дәрумендер\

Жемістерді жумай жеуге бола ма? \жоқ, іш ауырады\

Жарайсындар балалар барлықтарың дұрыс жауап бердіңдер, ойынды да жақсы ойнадыңдар.

Балаларды мақтап мадақтау.

**Мерзімі:** 21.04.2022

**Тақырыбы:** Емдік өсімдіктер.

**Мақсаты:** Балалардың өсімдіктермен және емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстыру. Өсімдіктердің әр қайсысын дұрыс атауға оларды дұрыс пайдалану жолдарын үйрету.

Емдік шөптің шипалы қасиеттері жайлы түсініктерін кеңейту. Көркем сөз қолдану арқылы сөздік қорларын молайту. Өсімдіктерге деген қызығушылығын ояту. Балалардың қоршаған ортаны өсімдіктерді қорғап оларды аялауға тәрбиелеу. Ұқыптылыққа және жасаған жұмыстарына тиянақты болуға баулу. Өсімдіктен тұнбалар жасай білуге тәрбиелеу.

**Ұйымдастырушылық кезеңі:** Балалар шеңберге тұрып бір-біріне гүл сыйлап тілектер айтуды өтінеді. Жиналған гүлді құмыраға салып қояды

Балалар міне біз әдемі гүл шоғын жинадық. Гүлді тағы қалай айтуға болады?

Өсімдік дегенде тағы нені көз алдарына елестетесіңдер?

Бүгін біз осы өсімдіктер, оның ішінде емдік өсімдіктер туралы әңгімелейміз.

Ол үшін біз дәріханаға саяхатқа бармыз. Саяхатқа немен шығамыз?

Слайд.

Балаларды дәріханашы күтіп алады.

Бала: Дәріханашы апай біз дәріханаға саяхатқа келдік. Біздің емдік өсімдіктерден жасалған дәрілермен танысқымыз келеді.

Дәріханашы: Міне мынау емдік дәрілер, инелер. Бұл дәрілерді дәрігердің нұсқауымен қолданады.

Ал мынау емдік өсімдіктерден жасалған дәрілер. Дәрілермен таныстырады. Бұл өсімдіктерді жинап алып арнайы орындарда өндеп тазалап мынадай қорапқа салып дәріханаға әкеледі.

Сендер қандай емдік өсімдіктерді білесіңдер?

Тәрбиеші слайд арқылы емдік шөптермен таныстырады.

**Түймедақ** - 1 жылдық шөптесі өсімдік. Жапырағы кезектесіп орналасқан және жіңішке. Күлтелері ақ сопақша. Отасында сары түтікшелері бар. Суық тигенге тұмауғ пайдалы.

**Бақ- бақ** - көп жылды көктем гүлі. Сабағын сындырсаң сүт тамшылары шығады.

Жапырақтары тү жағына орналасқан. Асқазан, ішек жұмыстарына көмектеседі.

**Жолжелкен** - Шөптесін өсімдік. Таулы аймақтарда өседі. Жапырағы тамыр түбінен шығады. Қанат тәрізді тілімделген. Жүйке және бүйрек ауруларына, ішек жолдарына пайдалы.

**Жалбыз** - бұта тәріздес сұрғұлт жасыл өсімдік. Сабағы 4 қырлы, жапырағы мен бұтақтары көп. Гүлдері көк, күлгін түсті. Жемісі шар тәрізді 4 жаңғақ. Өт жолдарына, қабынуға пайдалы.

**Алоэ** - ол бөлме өсімдігі. Оның жапырағы жіңішке қырлы болады. Жапырағында кішкене тікенектері бар. Оны күйік шалғанда, ірінді жараға, суыққа пайдасы мол. Тәр: Балалар дәріханашы апайда сөз жұмбақ бар екен. Біз апайға сөзжұмбақ шешуге көмектесейік. Сөз

Жұмбақты шешкенде ортасында тігінен «Өсімдік деген сөз шығады.

Сөзжұмбақ.

1. Бұл өсімдіктің жапырағы қалың, денеге тисе суық. Онымен жөтелді басуға болады.
  2. Жазық далада өседі. Он жағып иісімен басауруына пайдалы.
  3. Адамдар құстар табиғаттын қай түріне жатады?
  4. Орманда, тау таста өседі, ылғалды жақсы көреді. Ішек жолдарына, бауырға пайдалы.
  5. Бұл өсімдік кішкентай, күнге ұқсайды, ортасы сары ал айналасындағы жапырағы сары.
  6. Осы өсімдіктердің қандай қасиеті бар?
  7. Бұл өсімдікті жапырағы жалпақ, жолдың бойында өседі, денедегі жараға ем.
- Дәріханашы: Рахмет балалар.



Бірғақты әунемен қимыл қозғалыс жасауды ескертеді.

Тәр: Ал балалар енді тобымызға қайтатын уақытта келді.

Жолдан қоянды көреді.

Тәр: Балалар қарандар мұнда қоян ауырып жатыр.

Сұр қоян саған не болды?

Қоян: Кеше қатты жауын жауды, Мен үйге жете алмай далада қалдым. Енді міне ауырып қалдым.

Тәр: Ал балалар қоянға қалай көмектесеміз?

Тәрбиеші балалармен бірге түймедақ өсімдігінен дәрі жасайды.

Тәр: Дәрі дайын болғанша қоянға тақпақ айтып берейік.

Қоян жазылып орынынан тұрып секіріп рахмет айтады.

Қоян: Балалар мен сендермен ойын ойнағым келеді.

Тәр: Балалар онда қоянмен бірге «Өсімдіктерді боя» деген ойын ойнайық.

Қоян: Ойын өте қызық болды. Сендер жана Түймедақ пен Бақ-Бақ деген шөпті пайдаландындар. Мен ол шөптің қандай екенін білмеймін. Маған көрсетіндерші. Ол қандай шөп?

Тәр: Балалар онда шығармашылық ортаға барып сол шөптерді салып көрсетейік.

Балалар шығармашылық ортаға бармас бұрын мына Ай мен Күн арқылыекі топқа бөлінейік.

Қоян балаларға рахмет айтып шығып кетеді.

- Біз қайда саяхатқа бардық?
- Дәріханада кімге жолықтық?
- Ол кісі не туралы әңгімеледі?
- Біз кімге көмектестік?
- Қандай емдік шөптерді пайдаландық?

**Қорытынды:** Емдік өсімдіктердің түрлері мен қасиеті туралы білді. Өсімдіктерден дәрілер жасау жолдары туралы білді. Сөзжұмбақтың жауабын таба білді

**Мерзімі: 28.04.2022**

**Тақырыбы:** Орманға саңырауқұлақ теруге барайық.

**Мақсаты:** Қоршаған табиғаттың сұлулығына, байлығына тамсану, қызығу, оған мейірімділікпен қарауға, сақтауға, қорғауға тәрбиелеу.

Саңырауқұлақтардың айырмашылығын білуге үйрету.

**Ұйымдастырушылық кезеңі:**

**Жұмбақ.**

Жапырақтар сарғаяды,

Жаңбыр жие жауады.

Құстар жылы жаққа ұшады.

Айтыңдаршы, балалар,

Бұл қай кезде болады?

Сұрақтар:

-Балалар көктем мезгілі екенін қайдан білеміз?

Күн жылына бастайды.

- Қазір көктем мезгілінің қандай айы?

Сәуір айы

**Тосын сый:** Кірпі келеді.

Сәлеметсің бе кірпі!

Орманға саңырауқұлақпен жидектер теруге орманға баратындарыңды естіп келдім. Менде сендермен бірге баруға болады ма?

Саңырауқұлақпен жидектерді **слайд** көрсетіп, олармен таныстырамын.

- Саңырауқұлақтар түрлері өте көп.

- Саңырауқұлақтар жеуге жарамды және жарамсыз -улы болып бөлінеді.

-Шыбынжұт саңырауқұлағын жеуге болмайды.

Өткені ол улы. одан шыбындар да қорқады, шыбынжұт саңырауқұлағына шыбындар қонса болды өліп қалады.

Ал Ақ саңырауқұлақ қылқан жапырақты, қалпақшасының үстіңгі бөлігі ашық қоңыр түсті болып келеді, сабағы ашық сары түсті болып келеді. Жеуге жарамды, өте бағалы саңырауқұлақ.

Жидектерді көрсетіп түсіндіріп өтемін.

Қазір орманға барғанда тек жеуге жарамды саңырауқұлақты және жидектерді жинаймыз. Жарайды ма балалар!

**«Кім дұрыс жинайды?»** дидактикалық ойыны.

Екі себетке екеуіне балалар жарамды саңырауқұлақ жинайды.

Күзгі орманға барып саңырауқұлақтар мен жидектерді кірпімен бірге жинайды.

Саңырауқұлақтар мен жидектерді себетке салып, кірпіге сыйлайды.

Кірпі қуанып, рақмет айтып қоштасады.

-Балалар бізге қонаққа кім келді?

-Кірпіге біз не жинап бердіңдер?

**Қорытынды:** Балалар саңырауқұлақ туралы білді.

**Мерзімі: 05.05.2022**

**Тақырыбы:** «Аялайық гүлдерді»

**Мақсаты:** Балаларға түстер туралы ұғымын бекіту. Түстердің атын білуге машықтандыру. Бір-бірінің үстіне қою арқылы сәйкестендіруге үйрету. Саусақ бұлшық еттерін дамыту. Сөздік қорын молайту, тілдің белсенділік қызметін арттыру. Табиғатты танып, оны қорғай білуге тәрбиелеу.

-Балалар бізге бүгін көптеген қонақтар келіпті, кәне бәріміз алдымен сәлемдесіп алайық.

Қуанамын менде,  
Қуанасың сенде,  
Қуанайық достар  
Келді қонақ бізге.

Ал енді балалар мен сендерге бір шумақ өлең оқып беремін. Ол өлең не туралы айтылғанын мұхият тыңдандар.

Гүлдер, гүлдер көп гүлдер  
Не деген бұл шок гүлдер,  
Түрлі түске боялған  
Исі жұпар аңқыған.

-Кәне, балалар бір дыбыс естіліп жатқан сияқты, тындайықшы. Су сылдырап, құстар сайрап, бақтың ішінен гүл ашылған сияқты. Бақтың ішіне барып, біздің көктемде шығатын алғашқы гүліміз қандай гүл екен? Онымен танысайықшы. «Гүл бейнесіндегі қыз» ортаға шығады.

Сәлеметсіңдерме, балалар сендер бүгін әдемі болып кетіпсіңдер ғой осы топта мереке сияқты, мен «Көктем ана» жіберген алғашқы бәйшешек гүлімін.

Ал балалар оқу қызметіміздің тақырыбы: «Аялайық гүлдерді» деп аталады. Ал балалар ауа райымызға бақылау жасайық және осы гүліміз қай мезгілінде шығады екен.

-Көктем мезгілінде.

Тағы көктем мезгілінде болатын қандай өзгерістерді білеміз?

-Алихан: көктемде жер көгереді, күн жылыды, ағаштар бүршік атады.

-Көктем мезгілі неше айға бөлінеді?

-Алинұр: үш айға наурыз, сәуір, мамыр.

-Наурыз айында қандай мерекелер болды?

-Жанерке : Алғыс айту мерекесі.

-Аналарды құттықтау мерекесі.

-Наурыз мерекесі.

Ал енді балалар мен сендерге бір жұмбақ жасырайын жақсылап тыңдап отырыңдар, жауабын шешейік.

1. Қар астында қыстады

Жасыл мен бөркіп тастады (Бәйшешек)

2. Қырға кілем жайдым (Қызғалдақ)

Ал балалар мен сендерді мына гүлдермен таныстырып өтейін, бұл гүлдер бөлме гүлдері деп аталады. Бұл гүлдер ауамызды тазартады, бізге әдемілік үшін керек.

Дала гүлдері: Қызғалдақ, бақ-бақ, бәйшешек, роза гүл.

-Бұл гүлдер аналарымызға сыйлау үшін керек , искеу үшін керек.

**«Гүлді түсіне қарай жинау» ойнау.**

**Ойын шарты:** менің үстімдегі алжапқыштың қалтасында мен қай түсті атасам жерде шашылып жатқан гүлдердің ішінен сол түсті тауып көрсетілген түске әкеліп саласыңдар , біз түстерді ажырата біледі екенбіз балалар.

**«Сәйкесін тап» дидактикалық ойын**

**Ойын шарты:** үстел үстінде гүлдер мен бесік жабдықтары берілген. Арасынан бесік жабдықтарын таба білу.

**Қортынды:** Балалар бүгін не туралы білдік?

-Балалар «Гүлдер» туралы.

-Балалар қандай гүлдер ұнады? (қызғалтақ, бәйшешек, бақбақ гүл) ненің дауысын естіп тұрсыңдар? (сылдыраған судың, құстың сайраған дауысы естіп тұрмыз)

-Сендерге ұнады ма? ( Ия)

**Мерзімі:** 12.05.2022.

**Тақырыбы:** «Дәрумендер әлемі»

**Мақсаты:** Балаларға дәрумендер және оның денсаулыққа тигізетін пайдасы жайында түсінік беру, логикалық ой — өрісін тілін дамыту, сөздік қорын молайту. Баланың шығармашылық қабілетін арттыру. Жемістер мен көкөністердің пайдасын білуге, түстері мен пішіндерін ажыратуға тазалыққа баулу.

**Ұйымдастыру кезеңі :** Балалар, осы жақсы көңіл-күймен бүгінгі оқу қызметімізді бастаймыз.

### **Жұмбақ**

Бұлттар төніп, жерге төгіліп,

Дымқыл тұман басады.

Шөп сарғайып, өңі тайып,

Дала нұры қашады.

Бой жазалмай, ойнай алмай,

Денең мұздап тонады.

Бөбектерім айтыңдаршы

Бұл қай кезде болады?

Балалар қазір қандай мезгіл ?

Жаз мезгілі неше айдан тұрады ?

Жаз айларының аттарын атаңдаршы ?

Жазда табиғат ерекше күйге бөленеді. Күн жылынады, жаңбыр жауады, жел соғады, жапырақтар жасыл түске енеді. Күз айында көкөністермен жемістер піседі.

Жаз мезгілінде дәрумендер көп болады.

Бүгін дәрумендердің денсаулығымызға пайда келтіретінін білетін боламыз.

Дәруменнің орысша атауы – **витамин**.

Біздің күнделікті тағамдарымыздың ішінде әртүрлі дәрумендер бар.

Дәрумендер дегеніміз не?

Осы сұраққа жауап алу үшін дәрумендер әлеміне саяхатқа шығамыз ба?

Кәне барлығымыз автобусқа отырайық.

Балалар қақпадан өту үшін біз тапсырмалар орындауымыз керек.

Балалар айтыңдаршы қақпада не бейнеленген?

1 тапсырма: Жемістер нешеу екен?

2 –тапсырма: Бір аптада неше күн бар және аттарын ата?

3-тапсырма: Біз тамақты күніне неше мезгіл ішуіміз керек ?

Балалар тапсырмаларға дұрыс жауап бердіңдер.

**Ғажайып сәт:** Дәрумендер әлемінде , дәрумендер әлемінің ханшайымы және дәрумендер жүр.

Сәлеметсіздер ме, балалар, дәрумендер әлеміне хош келдіңіздер.

**Тәрбиеші:** Сәлеметсіз бе, дәрумендер әлемінің ханшайымы дәрумендер!

**Дәрумендер ханшайымы:** Менің дәрумендеріммен танысып қойыңыздар.

Мен «**А**» дәруменімін. Мен асқабақта, өрікте, қызанақта, салатта, сендер күнде ішіп жүрген айранда боламын. Мені күнде өз тағамдарында қолданған балалардың көздері жақсы көретін болады. Бойларына күш қуат беремін.

Ал мен, «**В**» дәруменімін. Мен балықта, картопта, асбұршақта, жаңғақта, нан өнімдерінде боламын. «**В**» дәруменін қолданған баланың ішкі құрылыстары, қан айналымдары күшейіп, жақсы жүгіретін болады.

Мен «**Д**» дәруменімін. Мен жұмыртқада, балықтың майында, сүт тағамдарында, яғни ірімшікте, қаймақта боламын. Мені қолданған баланың сүйегі мықты болады. Қалай иілсеңдер де, сүйектерін мықты болып өседі.

Мен «**С**» дәруменімін. Мен орамжапырақта, алмада, лимонда, апельсинде, алмұртта боламын. Мені жеп өскен бала мықты, батыр болады. Ешқандай микробтар жоламайды. Балалар, біз сендерге өте қажетпіз. Денсаулықтарың мықты болып өсу үшін бізбен дос болыңдар.

Дәрумендер бәрі бірге айтады: Сендер біз туралы не білесіңдер?

**Біздің балаларда дәрумендер туралы тақпақ біледі.**

1. Мен қиярмын, сәндімін.

Салаттардың сәнімін.

Дәруменім мол менің .

Жегенге қуат сыйлаймын!

Алма, алма дейсің

Алма әкелсем жейсің

Айтпады екен деме

Алманы жумай жеме

Шие , шие, шиелер

Қызыл көйлек кие бер.

Күн нұрына жүзіңді.

Сүйгізе бер сүйе бер.

Өсіретін бойыңды

Дамытатын ойынды

Қоянға да азықпыз,

Сәбіздерміз жазықсыз

5.Асханадан шықпаймын

Атым-пияз бұқпаймын

Көзден жасты шығарып ,

Тұмаудан бірақ сақтаймын

**Дәрумендер ханшайымы:** Балалар менің сендерге тапсырмам бар.

Тапсырманың аты «Бөліктерді құрастыр». Балалар, тақтада бір жеміс жасырулы тұр. Ол жеміс екіге бөлінген, сол бөліктердің ішіндегі тапсырмаға жауап берсеңдер, бөлік ашылатын болады. Сол тапсырмаларды дұрыс орындасандар бөліктердің қандай жеміс екенін білетін боламыз.

**Жұмбақ шешу.** I — ші бөліктегі тапсырма

Қалың киімді ұнатады,

Шешіндірсең жылатады. (Пияз).

Аласа талда алуан алма,

Ал қызыл болмай аузыңа салма (Қызанақ).

Көкпеңбек еді көктемде,

Қызарды күз жеткенде. (Алма)

Қараңдаршы, балалар, сендер жұмбақты дұрыс шешкен соң жасырылған жемістің бір бөлігі ашылды.

**Мақал — мәтел** II — ші бөліктегі тапсырма.

Ас — адамның арқауы,

Дені саудың — жаны сау. .

Тазалық — денсаулық кепілі. .

Денсаулық — зор байлық. .

Жарайсындар, балалар! Бұл тапсырманы да тез орындадыңдар. Ал, қараңдаршы жасырылған жеміс қай жеміс екен?

Алма!

**Тәрбиеші:** балалар, алма жемісінде қандай дәрумендер бар?

Алмада «С» дәрумені бар, алманы жесек денсаулығымыз мықты болып, барлық аурулардан аулақ боламыз. Жарайсындар.

Алманың пішіні қандай? Дөңгелек. Түсі ше? Жасыл.

**Видео:** «Дәрумендер мен минералдардың керемет күш қуаты»



**Сергіту сәті.** Балалар, біздің денсаулығымыз мықты болу үшін дәрумендерді қабылдаумен бірге дене қозғалысына мән беруді естен шығармауымыз керек. Қане барлығымыз денемізді қыздырып, сергіту жаттығуымызды жасайық.

**Тәрбиеші:** Жарайсындар! Барлығыңда ақылды екенсіңдер. Енді сендермен бір ойын ойнайық.

**Дидактикалық ойын:** «Дәмін татып, қай жеміс екенін ата» деп аталады.

Мақсаты: Балалардың дәм сезу ,қабілеттерін арттыру.

Балдарға кесілген жемістерді тарелкаға салып алдарына қоямыз.

-Мынау қандай жеміс?

-Жемістің дәмі қандай?

-Түсі қандай?

-Пішіні қандай?

Балалар жемістерді жеп дәмін атын айтады.Балаларға жемістерді жеген кезде жуып жеуді үйрету.

Рахмет, балалар! Сендер ойынды жақсы ойнадыңдар.

Енді дәрумендерге өз шеберлігімізді көрсетейік.

**Еңбек :** балалар алмұртқа жіңішке таяқшаларды тыға отырып кірпі жасайды. Алдын ала жіңішке таяқшаны дайындап қою керек. Сол дайын таяқшаны балалар ретімен алмұртқа қыстырып шығады. Үлгіде көрсетілгендей етіп жасайды.

Балалар жасаған жұмыстарын бірнешеуін күз ханшайымына сыйға ұсынады.

**Дәрумендер ханшайымы:** Дәрумендерім енді сендер балалармен бірге балабақшаға барасындар, балалардың денсаулығы мықты, жақсы өсу үшін балалармен бірге боласындар.

Балалар дәрумендер әлемімен қоштасып балабақшаға қайтады.

**Балалардың еңбектерін бағалап, мадақтау.**

Балалар біз саяхатқа қайда бардық?

«Дәрумендер әлемінде» қандай дәрумендерді көрдік?

Алмұрттан не жасадық?

**Қорытынды:** Дәрумендерді танып білді.

**Мерзімі:** 19.05.2022.

**Тақырыбы:** «Бөлме өсімдіктері»

**Мақсаты:** Бөлме өсімдіктері туралы түсінік беру. Гүлдің атауларын, сырт келбетін, жеке бөлшек атауларын дұрыс айтуын, оларды баптап күту ережелерімен таныстыру. Өсінді отырғызу жолын көрсетіп, табиғатты аялауға, сүйеге тәрбиелеу.

**Ұйымдастыру кезеңі :** Балалар мен сендерге жұмбақ жасырамын соны шешуге тырысындар, шешсеңдер біздің бүгінгі сабағымыз сол туралы болмақ.

**Жұмбақ :** Адамдардың бәрі қызығады,

Су құймасаң сәні бұзылады. (Гүл)

-Дұрыс. Жарайсындар, ендеше біз бөлме өсімдіктерімен танысамыз.

— Өсімдіктердің өзі дала және бөлме өсімдігі болып екіге бөлінеді. Біздің бүгінгі сабағымыз бөлме өсімдіктері жайлы болмақ. Өсімдік өмір сәні, табиғат көркі, дәрі-дәрмек. Олар біздің бөлмемізді тек әдемі етіп қоймайды оған көрік беріп, үйдің ауасын тазартады. Бізге қуаныш сыйлайды, көңіліміз көтеріңкі болады екен. Ендеше балалар тақтаға назарымызды аударайық.

Тәрбиеші бөлме гүлдерін көрсетіп, әңгімелейді. Барлық өсімдіктер күнді және жарықты жақсы көреді, сондықтан да оларды терезенің алдына қоямыз.

Бөлме гүлдерінің басқа өсімдіктер сияқты тамыры, сабағы, жапырағы және гүлдері бар. Міне, мынау **раушан гүлі**. Гүлінің түсі қызыл, хош иісті болып келеді екен. Раушан гүлі өте әдемі, бөлмемізді әдемі етіп тұрады.

**Ал мынау алоэ – өсімдігі.** Жапырақтары тікенді болып келеді, бірақ тікені қолымызға кірмейді. Алоэнің емдік қасиеті бар одан дәрі-дәрмек жасайды. Алоэ — үйге аурудың бактерияларының енуіне төтеп береді. Бөлменің энергетикалық қалпын жақсартады. Егерде бір жеріңізді жарақаттап алсаңыз сол жерге осы алоэні кесіп шырынын жақсаңыз тез жазылып кетеді.

**Қазтабан** – адамның ашуын басады. Ол адам ашуланғанда сабыр сақтап, тынышталуына әсер етеді. Ашу – жанұяның тыныштығын бұзады – сондықтан қазтамақ болған ортада тыныштық пен татулық орнайды.

**Традесканция** — көреалмаушылық қасиетін жояды. Сондықтан жанында қызғаншақ адамдар барларға жақсы көмектеседі. Қызғаншақ, көре алмаушылық сияқты жаман әдеті бар адамдарды біраз сабасына түсіреді.

**Фикус** – шаңсорғыш сияқты жұмыс жасайды. Ауадағы шаңды, бөлмедегі адамның қобалжуын, ашуын, көңілсіздігінен арылтады. Сырттан келетін кері әсерлерге кедергі жасайды. Сондай-ақ, бөлме ішін ылғалдандырып, уытты заттардан тазартады.

Жапырақтары арқылы бөлме ішін шаң-тозаңнан сақтайды. Оттегіні күндіз бөліп, түнде

жұтатын қабілетке ие фикусты жатын және балалар бөлмесіне қоймағаныңыз абзал. Міне өсімдіктердің осындай адамға деген пайдасы бар екен. Өсімдіктер тек әдемілік сыйлап қана қоймай, адамның денсаулығына да жағымды әсер тигізеді. Гүл өскен ортада, тазалық, татулық пен бірліктің, жақсылық пен жомарттықтың болары сөзсіз. Гүлді тек бөлмеде ғана емес, жұмыс орнында, аулаға, демалыс орындарында, адам көп шоғырланатын жерлердің барлығына өсіру керек.

Енді осы гүлдердің сырт келбетімен танысайық. Бөлме гүлдерінің басқа өсімдіктер сияқты тамыры, сабағы, жапырағы және гүлдері бар.

Біз енді өсімдіктерді қалай күтіп баптау керектігін білеміз.

— Тамыры топырақтың астында болады, олар көрінбейді, өсімдіктердің су ішуіне көмектеседі, сондықтан да оларға су құйып тұру қажет. Гүлдердің тамыры дем алып тұру үшін топырағын қопсытамыз. Балалар гүлдердің жақсы жайнап өсуі үшін гүлдерге су, жарық, жылу, топырақ қажет. Гүлге су құйып, жапырағын сүртіп, су бүркегішпен су шашып, топырағын қопсытып, тыңайтқыш сеуіп тұру керек.

Бөлме гүлдерінің ұзақ уақыт «ауырмай», жайқалып тұруының сыры неде деп ойлайсыз? Махаббатта. Гүлдермен де тірі жанмен сөйлескендей сөйлесіп, өз ілтипатыңды білдіріп, баптап, күтіп, махаббатпен қарап, еркелетіп тұру қажет, олар да өздерінше қуана да мұңая да алады екен. Ендеше осы аталған гүлдер біздің бөлмемізде бар ма? Мүқият қарайықшы кім көріп тұр?

**Практиклық әрекет:** Ал енді балалар біздің бөлмеде традесканция гүлі мен бальзамин гүлі жоқ екен қазір біз сол тамырланған гүлді ыдысқа отырғызайық. Сендер бүгін табиғат бұрышында жұмыс жасайсыңдар.

Гүл отырғызу үшін ең әуелі бізге ыдыс қажет. Ыдысты алып түбіне бірінші тастарды саламыз. Ыдыстың түбі тесік болады. Содан кейін топырақ саламыз. Жәй даладағы топырақ емес құнарлы арнайы гүл отырғызуға арналған топырақы саламыз. Содан соң топырақ ортасынан құдықша жасап, гүл өсіндісін отырғызамыз. Енді бұл гүлімізді табиғат бұрышына қоямыз. Балалар гүл отырғыздық, енді тек осылай қоямыз ба? Жоқ гүлге су құю керек. Гүлге су құйып, жапырағын сүртіп, су бүркегішпен су шашып, топырағын қопсытып, тыңайтқыш сеуіп тұру керек. Гүлдерді жазда көбірек, ал қыста сирек суарады. Оларды суқұйғышпен суарады.

— Жылына бір рет топырағымен, ыдысын ауыстырып тұру керек.

— Гүлдерді бөлме температурасындай сумен суару керек, өйткені гүлдер ауырып, өліп қалуы мүмкін. Гүлге бірден суық су құюға болмайды. Суды ыдысқа бір күн бұрын құйып қою қажет. Содан соң ғана суаруға болады.

**Дидактикалық ойын:** «Гүл құрастыру». Гүлдің жоқ мүшесін тауып, жапсыру.

*«Гүл жинау» ойынын ойнату.*

— Қырға шығып тереміз  
Қызғалдақтың қызылын.  
Біздер енді көреміз

Ойынның да қызығын – деп енді «Гүл жинау» ойынын ойнаймыз.

-Біз қандай бөлме өсімдіктерімен таныстық?

-Бөлме өсімдіктерінің қандай пайдасы бар?

-Гүлдің сырт келбеті қандай?

-Бүгінгі отырғызған гүліміздің аты қандай?

**Қорытынды:** Бөлме гүлдерімен және оны күтудің ережелерін игеру. Гүлдерді күтіп баптауды, аялауды, қорғауды меңгеру. Бөлме гүлдерін күтіп –баптау жолдарын білу.

**Мерзімі:** 26.05.2022

**Тақырыбы:** «Өсімдіктер әлемі»

**Мақсаты:** Қоршаған табиғаттың сұлулығын байқауға тәрбиелеу.

**Ұйымдастырушы кезеңі:** Балалар бүгін қандай керемет күн. Бұл күнді жақсы, қуанышты көңіл күймен өткізу үшін сендерді шаттық шеңберіне шақырамын.

Қуанамын менде,

Қуанасың сенде.

Қуанады достарым,

Арайлап атқан күнде.

-Ендеше, жақсы көңіл-күймен орнымызды табайық.

-Балалар қазір қай мезгіл?

-көктем мезгілі

-Көктемде неше ай бар?

-үш айдан тұрады

-наурыз, сәуір, мамыр

-Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? –

-күн жылынады, құстар қайта оралады, адамдар жеңіл киінеді, ағаштар бүршік атады, жәндіктер жер бетіне шығады.

Міне көктем мезгілі өзінің керемет ерекшеліктерімен қуантады екен.

— Көктемгі еңбек

-Көктемгі еңбекке не жатады?

Жер жыртады, тұқым себеді, бақша егеді, гүлдерді егеді.

— Сендер ата-аналарыңды еңбек етіп қуантқан кездерің болды ма?

-ия

Балалар бүгін біз «Өсімдіктер әлеміне» саяхатқа барамыз.

— адамдар өсімдіктерді азық ретінде, құрылыс материалы ретінде қолданады, қағаз алады. Ол ауаны тазартады.

Сұрақтарға дұрыс жауап беруге тырысады.

-Балаларға ағаштардың, гүлдердің, шөптердің суретін көрсетеді. Балалар ағаштың түрлері өте көп. Олар-емен, қайың, үйінкі, терек, шырша, жеміс ағаштары. Ағаштардың көп болғаны пайдалы, олар ауаны тазартады, жазда көлеңке болады. Ағаштарды орынсыз сындырмай, түбін тазалап отырса олар әдемі болып өседі. Мына суретке қараңдаршы, топырақ ағашты берік ұстап тұрады, ал мынау – діңі. Діңінен жан жағына бұтақтары таралған. Бұтақтарында жапырақтар өседі. Өсімдіктерді, ағаштарды адамдар күтіп баптайды, түбін қопсытып су құяды. Бау бақшада өсетін өсімдіктерді адамдар өздері егіп өнімін жейді.

Мысалы: мынау алма ағашы, алма ағаштарында көптеген алмалар өсіп тұр. Сонымен қатар өсімдіктерге шөптер, гүлдер жатады. Гүлдің түрі өте көп мына суретке зер салайық түймедақ гүлдің пайдасы өте зор, раушан гүлі, бәйшешек гүлі. Гүлдер тамырынан нәр алады. Айналамызға әсемдік сиялайды.

Балалар суреттегі ағаштарға қарайды.

Дид ойын: «Не қайда өседі» бақ пен бақшаның, жеміс пен көкеністердің себетке жинауі.

Жарайсыңдар балалар, сендер ойынды да жақсы ойнайды екенсіңдер.

Балалар ойынды жақсы ойнады

Тербеледі ағаштар

Алдымнан жел еседі,

Кіп-кішкентай ағаштар,  
Биік болып өседі.  
Сөздерді қайталап, қимыл-қозғалыспен орындайды  
Қорытынды  
-Біз не туралы әңгімелестік?  
-Оларға қандай күтім жасауға болады?

**Қорытынды:** Белсенді қатысқан балаларды мадақтайды  
Өсімдіктердің әр түрлі болатынын, пайдасы туралы білді.